Көшпелі қоғамда бастауы сан ғасырлардан өрбитін өте күрделі алым-салық жинау органдарының жүйесі қалыптасқан болатын. Егер қазақ қоғамының даму тарихына көз жүгіртетін болсақ, қазақ даласында біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырлардан бастап үлкен-үлкен бірнеше мемлекеттік бірлестіктер өмір сүргендігін көре аламыз. Бұл мемлекеттік бірлестіктер үлкен мәдениетті ел басқару ісінің тәжірибесін әкеліп енгізген болатын. Сондай тәжірибенің көптеген үлгілерін осы салық жинау ісінен де көре аламыз. Сондықтан да, дәстүрлі қазақ қоғамындағы алым-салық жинау органдарының жүйесін қараған кезде, біз қазақ даласындағы әрбір мемлекеттің саяси-құқықтық басқару жүйесінің ерекшеліктеріне сүйене отыра, тұтастықта сипаттап өтуіміз қажет. Ал кейінгі қазақ хандығы дәуіріндегі дала жұртындағы салық жинау органдарының жүйесі бұл ғасырлар өткелінен өткен, сан жылдардың жинақталған қорытындысы іспеттес көрінеді.

Қазақ жеріндегі алғашқы алым-салық жүйесінің қалыптасуы әлемді дүр сілкіндірген Ұлы империялардың бірі, ғұн мемлекетімен тікелей байланысты болып келеді. Ғұн империясы біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырлар мен біздің дәуіріміздің III ғасырлар арасында Еуразия құрлығында алдына ешқандай мемлекетті шығара қоймаған, алып империя қызметін атқарды. Ғұн мемлекетінен басқару жүйесі мен құқықтық жүйенің озық үлгілері қалып қана қойған жоқ, сонымен қатар, мемлекеттің қалыпты қызмет атқаруын қамтамасыз ететін алым-салық жүйесі үлгі болды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, ғұн империясында алым-салық жинау ісін ежелгі қытайлар қалыптастырған болатын. Яғни, былайша айтқанда, ғұндар алым-салық жинаудың оң тәжірибесін қытайдан үйренген болатын. Дала жұртындағы тағы бір Ұлы мемлекеттердің бірі, Түркі қағанатында Тоныкөк пен Бұмын қағандардың тұсында және Мұқан қағанының реформаларына сәйкес үлкен алым-салықты жинаудың тәжірибесі орнықты. Көп жағдайда зер салатын болсақ, түркі қағанатында сырт

елдерден, оның ішінде отырықшы мәдениетті халықтардан алым-салық жинау ісі дұрыс жолға қойылғандығын көреміз.

Қазақ даласында өмір сүрген белгілі мемлекет қимақтардың саяси бірлестігі болып табылады. Қимақтар мемлекетінде де, алым-салықты жинаудың үлкен тәжірибесі қалыптасқан болатын. Ол туралы белгілі ғалым Б.Е. Көмеков былай дейді: “Богатство и склады царей хранились в городах и крепостях, расположенных в неприступных горных областях, охраняемых сторожами и хранителями, назначаемыми царем.

О существовании в кимакском государстве налоговых сборов можно предположить по тому факту, что из золото, собираемого тюрками по береговой линии кимакского моря, царь брал обязательную долю, а остатком довольствовался хозяин” [1, С. 118.]. Әрине қимақ мемлекетінде болған алым-салықтардың түрлерін нақты көрсете алмау өкінішті. Егер біз тарихта қимақ мемлекеті үлкен роль атқарды деп санайтын болсақ, онда қимақтарда да дамыған алым-салық жүйесі болды деп болжам жасауымызға негіз бар.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы белгілі мемлекеттердің бірі, көшпелі өзбек мемлекеті немесе әбілқайыр хандығы болып табылатын болса, бұл мемлекеттік бірлестікте алым-салықты жинаудың белгілі лауазымды тұлғалары орнығып қызмет атқарғандығын көре аламыз. Бұл туралы Б.А. Ахмедовтың мына ойы көңілге қонымды: “Судя по сведениям источников, ясаулы выполняли такие обязанности долю хана. “В Михман-намэ-и бухара” говорится, что Шайбани – хан в 1509 г. из Аркука в восточные районы Туркестана послал ясавулов для сбора налога тагара. Любопытен еще такой факт: когда Шайбани-хан находился в Хиксарэе (1505 г.), то его ясаулы доставили в ханскую ставку его долю из добыч, которую затем по распоряжению хана они увезли в Самарканд” [2, С. 102-103.]. Кейбір жағдайларда алым-салық халыққа өте ауыр тиетін кездері болып табылады. Ол көбінесе егін шықпай қуаңшылықтың пайда болуымен малдың қырылып қалуымен байланысты болып жатады. Көбінесе басқыншылықпен келген елдер жергілікті халықты алым-салықтың күшімен әрқашанда қанайтыны белгілі. Қазақ даласындағы ең ірі шапқыншылық монғолдар империясымен байланысты екендігі белгілі. Монғолдар барған жерлерінің барлығында алым-салықты көптеп салуға тырысқан. Сондай жағдайды Ғ.С. Сапарғалиевтің мына ойы дөп көрсететіндей: “Была установлена тяжелая налоговая система. Кроме того, в городах стояли монгольские гарнизоны, которые содержались за счет жителей. В одном документе, датированном 1259 г. говорится, что насилие и притеснения достигли высшей степени, причем особенно были доведены до крайности земледельцы от множества всякого рода тягот, взысканий и обременений чрезвычайными налогами” [3, С. 16.]. Қанша монғолдар алым-салықтың ауыр жүгін көрші халықтарға артқанменен, олардың бұл мәселедегі бере білген жақсы қырлары да болды. Оның қатарына, біздің ойымызша көшпелі қоғамдағы алым-салық тәжірибесінің озық үлгілерін дамытуға қосқан үлесін бағалауымыз қажет. Көшпелілердің тәжірибесіндегі ең озық алым-салық жүйесі осы монғолдар қоғамында қалыптасқан болатын. Оның дамуына Шыңғысханның “Ұлы Жаса” заңының қосқан үлесі өте үлкен болып табылады. Шыңғысхан империясының даладағы дәстүрін жалғастырған мемлекет Алтын орда болып табылады. Алтын Ордада дамыған алым-салық жүйесі және ақша жүйесі қалыптасты. Тоқтының кезінде ақша жүйесі реформалары бірегей төлем бірлігі енгізілген болатын. Негізінен Алтын Орда алым-салық жинау үстінде Шыңғысхан империясының дәстүрін жалғастырды. Алтын Орданың алым-салық жүйесін, оның терминологиялық негізін терең зерттеген Х. Шурман империяның алғашқы кезеңінде тұрақты алым-салықтармен қатар, төтенше салықтардың болғандығын айта келе, төмендегідей салыстырмалы таблицаны келтіреді:

	Регулярные налоги	
Монголии	Албан	Кубчири
Иран	Калан	Копчур
Русь	Дань	Пошлина
Золотая Орда и Средняя Азия	Калан	Ясак

[4, С. 130.].

Дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан алым-салық органдарының жүйесі осы протоқазак қоғамындағы дәстүрді жалғастырады. Қазақ хандығы дәуіріндегі алым-салықты жинаудың органдар жүйесі жеке хандардың басқару ісіне байланысты өзгеріп отырған болатын. Қазақ хандығы дәуіріндегі



алым-салық жүйесінің, оны жинау механизмі туралы органдардың түрлері жөнінде дерек көздер өте тапшы. Соған қарамастан жалпы оның бағыт бағдарын айқындауға болады. Қазақ хандығы дәуірінде, оның ішінде Тәуке ханның Жеті жарғысы қабылданған тұста, мынандай заң нормасы орныққан болатын: “Әрбір қару көтеруге жарайтын адам (сұлтандардан басқа) ханға және ел билеушілеріне жыл сайын өз мүлкінің жиырмадан бірін беруге тиіс” [5, 317 б.].

Бұл нормаға қарап, біз қазақ хандығында да алым-салықты жинаудың тұрақты болмаса да, органдарының өмір сүргендігін көре аламыз. Қазақ хандығында алым-салықты жинау ру басшыларына, рулы елге беделі жүретін билерге, сонымен қатар, ауыл ақсақалдарына т.б. жүктелген болатын. Кейбір жағдайларда қазақ хандығында алым-салықты жинау хан жасауылдарына және төлеңгіттерге жүктелген болатын. Кейбір хандардың тұсында ғана алым-салықты жинау әдісімен арнайы тұлғалар айналысты. Мысалы, оны Абылайханның тұсында жүргізілген өзгерістерден ХҮІІІ ғасырда ел билеген Қайып ханның кезінен ХҮІІІ ғасырдың аяғындағы Нұралы ханның ұлысынан көре аламыз.

Кейбір жағдайларда алым-салық жинау ханмен бидің ортасындағы үлкен таласқа да әкеліп соғып отыратын. Оны кезіндегі Дос би мен Тұрсын ханның арасындағы теке-тірестен көруге болады, ол елде түбелікті өзгерістер жасамақ болып, қарсы келгендерді қағып тастап отырады. Шектен тыс баж және харадж салықтарын салып, елді, билерді азар қылады. Баж–көпірді, керуен сарайын, көпшілік қызметіндегі ғимараттарды пайдаланудан түсетін салық болатын. Бұл белгілі бір қызмет ақысы ретінде алынатын салық бола тұрса да, Тұрсын хан қалыптасқан ереже тәртіпті бұзады. Оны әр түтіннен, тіпті әр жеке адамнан алуға әмір етіп, салық мөлшерін жосықсыз өсіреді. Ал, әр алқапта егіс топырағының құнары әр түрлі болатыны белгілі. өсірілген егіннен түскен өнімнің мөлшеріне қарай алынатын салық-харадж деп аталады. Басқаша түсіндірсек, мұсылман мемлекеттерінде феодалдық рента ерте кезден қалыптасып, дамыған. Осы салық түрі сегізінші ғасырдан беріге дейін мемлекеттік жерді жеке мүддесіне пайдаланған шетелдік азаматтардан ғана алынып келсе, Тұрсын хан мұны жерді иеленген дәулетті адамдардан да, шаруалардан да қорқытып, кейде, зорлық әрекетпен же жинап алған. Ташкент әмірлігіне бағынғандықтан, Дос би әуелі алым-салықты жинап, уақтысында өткізіп тұрады.

Алайда, үсті-үстіне салынған салықты жинаудан Дос би бас таратады. Тұрсынның өрескел қылығына көнбейді. Ол қарауындағы халықты жосықсыз салық салып қинамайды. Дос би мен Тұрсын хан арасындағы келіспеушілік Қазақ елінің біртұтас ханы Есімге де мәлім болады. Тұрсын хан Жос биді Ұлық би қызметінен кетіру туралы Есім ханның алдына мәселе қояды. Есім ханның Дос биге көзқарасы түзу болғандықтан, мәселені ел ішіндегі игі жақсылықтардың кеңесіне сайлауды ұйғарады. Ел жақсылары мен халық Дос биді жақтап, Тұрсын ханның әрекетін теріске шығарады [6, 156-157 бб.]. Әрине бұл оқиғаның аяғы өте қайғылы жағдаймен аяқталғандығын біз тарихтан жақсы білеміз. Біздің бұл жерде айтайын деп отырған мәселеміз, жалпы қазақ билерінің көрінісі халықтың жағдайын ауырлататын, алым-салықтарды салуға қарсы болғандығы, сонымен қатар, билердің алым-салық жинау ісіне көп жағдайда тартылып отырғандығын көрсету болып табылады. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, қазақ қоғамында билер тек қана, сот ісін жүргізіп қана қойған жоқ, сондай-ақ елшінің де қызметін атқарды және қазір айтып өткеніміздей, салық жинаушы тұлғаның да ролін атқарғандығын көре аламыз.

Жоғарыдағы жағдайды тағы да бір, осындай мысалдардан көруге болады. Мысалы, “Досбол сөзге ерте араласқан кісі екен. Датқа болып тұрғанда Қоқан бектеріне онша жақпаған көрінеді. Ол кезде әлсізді жаншып, салықпен тонап жатқан кез. Досбол салық жинаушыларға салғырт қарап, әміріне де мойын бұрмай, бетіне де келе берсе керек.

Бір жолы Досмұқасан бек қасына салық жинаушыны ертіп, ел аралап келе жатқанда Досбол алдынан шығыпты. әңгімелесіп отырған бекке:

- Жылыңыз не ? – депті Досбол.
- Жылым – доңыз, - депті бек.
- Болса болар, елді түрте келдіңіз ғой, - дейді Досбол.
- Сіздің жылыңыз не? – дейді сонан соң салық жинаушыға.
- Жылым – тауық, – дейді ол.
- Болса болар, ол-пұлды шоқи келдіңіз ғой, - дейді Досбол.

Бек бұл сөзді кек тұтып, бірақ ел ішінде жазалауға халықтан қаймығып қайтып кетеді” [7, 93-93 бб.]. Бұл жағдайда қазақ билерінің алым салық салу ісінде қазақ билерінің халықтың жай-күйіне жіті зер

салатындығын көрсетеді.

Көшпелі қазақ қоғамында алым-салық жинау көбінесе малдың санына қарай жүзеге асып отырған болатын. Сонымен қатар, егіншілікпен айналысатын оңтүстік аудандарда мүліктік алым-салықтар көп қолданылды. Діни алым-салықтардың да жиналғанын біз тарихтан жақсы білеміз. Көшпелі қазақ қоғамында алым-салық жинау рулы елдің пәтуалы азаматтарының, ақсақалдардың, белгілі билердің үгіт-насихаттары арқылы жүзеге асып отырған болатын. Алым – салықты жинау көп жағдайда халық ісін шешуге жиналатын күзгі құрылтайларда негізінен алынып отырды. Себебі, көшпелі қоғамның басты материалдық құндылығы да, ақшалай эквиваленті де мал болып табылған. Малдың санағы көбінесе күзде жүргізілгендіктен алым-салық та, осы уақытта алынып отырды. Күзгі құрылтайға барарда қазақтың игі жақсылары хан сарайына, тай-тұяғымен артынып баратын болған. Күзде мал санағын жүзеге асыру және алым-салықты жинау ежелгі ғұн дәуірінен келе жатқан ескі дәстүрдің бірі.

Сонымен қатар, қазақ қоғамында елге жау тигенде, жаудың шабуылын тойтару ісінде көбінесе, төтенше алым-салықтар жиналатын болған. Бұл іске қазақтың рулы елдері түгелімен қатысты. Мұндай жағдайда барлық қазақ рулары аянып қалмайтын болған. Ондағы алым-салықтың барлығы әскерді қамтамасыз етуге қамтамасыз етуге жұмсалды. Сонымен қатар, бейбітшілік уақытта алым-салық хан қазынасынан қала тұрғызу ісіне жұт болған жағдайда, халықтың әл-ауқатын көтеруге пайдаланылған кездері де болған.

Көп жағдайда халықтан алым-салық жинау ерікті әдіс-тәсілдерге сүйеніп жүзеге асып отырды. Ханның алым-салыққа байланысты пәрменін жергілікті жердегі билер, батырлар халық ішіне таратып, оның қажеттілігін түсіндіріп отырған болатын. Халықтан алым-салық жинау дәстүрлі қазақ қоғамында көп жағдайда ерікті жүзеге асырылғанмен, жаугершілік заманда немесе халық ашаршылық пен жұтқа ұшыраған кезеңдерде күштеу, тартып алу әдістеріне де сүйенген болатын.

Қорыта келгенде айтарымыз, дәстүрлі қазақ қоғамындағы алым-салық жинау органдарының жүйесі де бірнеше кезеңдерден қалыптасып, дамыған болатын. Қазақ қоғамында халықтан алым-салықты жинаудың тұрақты органдар жүйесі, әр ханның тұсында өзгеріп, дамып отырды. Негізінен алым-салықты жинау, қазақтың белгілі билері мен батырларына, ру басыларына жүктелді. Алым-салықты хан сарайына жеткізуді, хан жасауылдары мен төлеңгіттері қамтамасыз етіп отырды. Дәстүрлі қазақ қоғамында алым-салықты жинаудың бірден-бір өлшемі мал болып табылды. Алым-салық жылына күзге таман мал қоным көтерген кезде алынатын болған. Негізінен қазақ қоғамында алым-салықтар рулы елдерде өзара келісіммен негізделіп, ерікті түрде жиналып отырды. Ал соғыс пен басқа да төтенше жағдайларда алым-салықты жинау күштеу әдістеріне де сүйенген болатын. Алым-салықтарды пайдаланудың негізгі көздеріне ірі қалаларды аббатандыру және салу т.б. жатады.

1 Кумеков Б.Е. *Государство кимаков XI –XI вв. по арабским источникам.* - Алма-Ата: Наука, 1972. – С. 113-123.

2 Ахмедов Б.А. *Государство кочевых узбеков.* - М.: Наука, 1965. – С. 98-109.

3 Сапарғалиев Г. *Основы государства и права Казахстана.* - Алматы: Атамұра, 1994. – 160 с

4 Федоров-Давыдов Г.А. *Общественной срой Золотой Орды.* - М.: Изд. МГУ. -1973. – С. 89-108.

5 Салғараұлы Қ. *Қазақтар: Роман –эссе.* – Алматы: Өнер, 1995. – 352 б.

6 Омарханов Қ. *Қазақ елінің дәстүрлі құқығы. 1 кітап.* – Астана: Елорда, 2003. – 280 б.

7 *Сөз тапқанға қолқа жоқ: Күлдіргі әңгімелер, шешендік сөздер, толғау-термелер / Ел аузынан жинағандар: А. Бейсенғалиев, С. Қарамендин.* – Алматы: Жазушы, 1988. – 608 б.

#### Резюме

В данной статье рассматривается механизм и методы собирания сборов и налогов и система органов кочевом обществе казахов.

#### Summary

In given article the mechanism and methods of collecting of gathering and taxes and system of bodies a nomadic society of Kazakhs is considered.

## **СУБЪЕКТЫ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ КОНСТИТУЦИОННОГО КОНТРОЛЯ В РК**

**А.В. Швецов -**

*3 курс ФМОиЮ КазНПУ им. Абая*

В теории права, под конституционным контролем понимается особый вид правоохранительной деятельности в государстве, заключающийся в проверке соответствия нормативных правовых актов Конституции данного государства, на основании обращения уполномоченных на то лиц, или по собственной инициативе самого органа конституционного контроля. В качестве органа осуществляющего такой контроль, выступают не только специализированные органы (Конституционный Совет Республики Казахстан), но и другие органы и должностные лица, функция и полномочия которых направлены на защиту норм Конституции, на осуществление и исполнение Конституции и на поддержание ее верховенства.

В Республике Казахстан такими полномочиями обладают:

- 1) Президент Республики Казахстан;
- 2) Парламент Республики Казахстан;
- 3) Суд;
- 4) Прокуратура;
- 5) Конституционный совет РК;

В соответствии со ст. 10 и 17 Конституционного Закона РК «О Президенте Республики Казахстан» от 26 декабря 1995 года №2733, Президент РК вправе отменить либо приостановить частично или полностью действие актов Правительства РК, акимов областей, города Астаны и города Алматы, эти положения позволяют вести контроль за соблюдением Правительством и акимами и норм Конституции.

Кроме того, как устанавливает ст. 9 вышеуказанного закона, контрольные функции прослеживаются в процедуре возвращения проекта закона в Парламент для проведения повторного обсуждения и голосования. Ст. 72 Конституции РК устанавливает альтернативный порядок осуществления Президентом Республики проверки проекта закона на соответствие нормам Конституции как основного закона страны, путем обращения его в Конституционный совет РК.

В соответствии со ст. 54 Конституции РК от 1995 года, в качестве проверки конституционности проекта закона может выступать процесс последовательного его рассмотрения и голосования вначале в Мажилисе, а затем в Сенате Парламента.

Судебные органы, в соответствии со ст. 76 и 78 Конституции РК от 1995 года вправе осуществлять процедуру обращения в Конституционный совет за подтверждением конституционности нормативных правовых актов, ущемляющих права, свободы и законные интересы человека и гражданина. Причем до принятия решения Конституционного Совета суды не вправе осуществлять судебный процесс, руководствуясь такими актами.

В соответствии со ст. 83 Конституции РК и ст.1 Закона РК «О Прокуратуре» от 21 декабря 1995 г. прокуратура, в лице Генерального прокурора, прокуроров областей, городов, межрайонных, районных прокуроров посредством осуществления высшего надзора за точным и единообразным применением законов и других нормативных правовых актов страны, а также опротестование таких актов, включая их неконституционность, осуществляют охрану Конституции.

Среди органов и должностных лиц выделяется специализированный орган, осуществляющий контроль за соблюдением и защитой Конституции, Конституционный совет РК. Этот орган, в силу своего специфического положения в механизме государственной власти носит специализированный характер, выражающийся в его функциях и полномочиях.

Компетенция Конституционного совета регулируется нормами Конституции 1995 года (раздел 5, ст. 71-74) и Конституционным Законом РК «О Конституционном Совете РК» от 1995 года №2737.

Данный орган конституционного контроля выполняет функции сдержек и противовесов в

механизме государственной власти, наряду с органами, входящими в различные ветви власти.

Особенностью этого органа является процедура назначения его Председателя и членов. В соответствии со ст. 72 Конституции РК Председателя и двух членов Совета назначает Президент, причем единоличным решением. По 2 члена Конституционного совета избираются Палатами Парламента РК по представлению их председателей.

Иной процесс формирования органа был предложен А.А. Караевым, который отмечает, что назначение Председателя Конституционного Совета должно производится Президентом по предложению Премьер-министра РК, двух членов должны избирать депутаты Сената по представлению его спикера, двух членов должны избирать депутаты Мажилиса по представлению её спикера и двух членов будут избирать Пленумом Верховного Суда РК по представлению его Председателя.

Что касается независимости органа конституционного контроля, то полномочия Президента, Председателя Сената Парламента, Председателя Мажилиса Парламента в вопросе приостановления и прекращения полномочий Председателя или члена Конституционного Совета весьма ограничены. Так, например, ст. 14 КЗ РК «О Конституционном Совете РК» от 29 декабря 1995 года предусматривает случаи, при наличии которых полномочия Председателя или члена Конституционного Совета приостанавливаются, причем по ходатайству Конституционного Совета. Ст.15 этого же конституционного закона закрепляет случаи, при которых полномочия Председателя Конституционного Совета прекращаются.

Сам по себе Конституционный Совет рассматривает споры, возникающие между органами государственной власти РК. Например, споры, возникающие из вопросов правильного поведения выборов Президента республики и депутатов Парламента; республиканского референдума. Кроме того Конституционный Совет рассматривает законы и международные договоры на предмет соответствия их Конституции РК, принимает решения о их конституционности; дает заключение о правильном проведении процедур при досрочном прекращении полномочии Президента республики. Одной из функций, принадлежащих Конституционному Совету является официальное толкование норм Конституции. Конституционный Совет РК производит предварительный конституционный контроль за проектами законов до подписания их Президентом республики, что позволяет устранить их несоответствие Конституции.

Таким образом, в Республике Казахстан действуют органы должностные лица, среди полномочий которых присутствует контроль за исполнением Конституции, защита ее норм, но все же наиболее эффективным механизмом защиты Конституции является все же специализированный орган, который не наделен какими-либо функциями, кроме функций защиты и контроля за соблюдением и соответствием Конституции РК.

1) Караев А.А. «Конституционный контроль: Казахстан и зарубежный опыт» 2002 год. Учебное пособие. – Алматы: КазГЮУ, 215 стр.

2) Котов А.К. «Конституционный совет РК» 2005 год. – Астана, 68 стр.

3) Конституционный Закон РК «О Конституционном Совете РК» от 29 декабря 1995 года №2737.

4) Конституционный Закон РК «О Президенте Республики Казахстан» от 26 декабря 1995 года №2733

5) Закон РК «О Прокуратуре» от 21 декабря 1995 год.

#### Түйін

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының конституциялық бақылау орындайтын лауазымды тұлғаларының, мемлекеттік органдарының өкілеттіктерінің сұрақтары қарастырылған.

#### Summary

In this article are mentioned questions of powers of state structures, of officials carrying out the

constitutional control in Republic of Kazakhstan.

## **СОТ БИЛІГІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ СУДЕБНАЯ ВЛАСТЬ И ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫЕ ОРГАНЫ**

### **КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ СОТ БИЛІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**К.А. Нұрлыбай -**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет,  
Халықаралық қатынастар және құқықтану факультеті*

Дәстүрлі қазақ қоғамында билікке, мемлекеттік билікке деген көзқарас өзінің дүниетанымдығымен ерекшеленген. Қазақтар билік пен байлық өткінші дүние, мәңгілік емес деп түсінген. Сондықтан да билік те, байлық та адам басында мәңгі тұрмайды, уақытша ғана тұрақтайды деп есептеген Ұлы даланың дана халқы. Қорытындысын «байлық-бір жұттық», «елге бай құт емес, би құт», «байлық не керек, адалдан жинамасаң» т.т. екі ауыз сөзбен түйіндеген. Мұны қазақтың ойлау үрдісі, билікті бағалау әдісі деп түсінгеніміз жөн болар.

Билік пен байлықты көшпелілер алдамшы құбылыс деп қабылдаған. Сондықтан да билікке қызығуды және оны өмірлік мақсат етуді жағымсыз әрекет деп түсініп қоғамдық сана оны қабылдамаған. Оны бүгінгі Елбасымыздың бойынан да көруге болады. Денсаулығы мүмкіндік бергенше халқына қызмет етуге әзір екендігін мәлімдеді. Сөйте тұра өзінің президенттік өкілеттігін референдум арқылы 10 жылға созудың заңдық негізін анықтау үшін Конституциялық кеңеске жүгінді.

Билік қазақ қоғамында басты құндылықтар қатарына жатқызылмаған. Қазақ халқы басты құндылық деп, асыл мұрат деп ар-намыс, ұят, әділеттілік, имандылық сияқты қасиеттерді таныған. Ел даналығы билікке ұмтыламын деп бойындағы адамгершілік қасиеттерден айырылып қалма деп уағыздаған. Ал билікке қолы жеткен адам оның қадірін жете түсініп, билікті халық игілігіне жұмсауы керек. «Билік не керек, әділдік құрмасаң» деп халық билік мақсатының әділдік екеніне көз жеткізуге тырысқан.

Биліктің негізі және тірегі-халық. Сондықтан билік игілігі халыққа қызмет етуге бағышталуы керек, билікті жүзеге асырушы халықтың көңілінен шығуға тырысуы керек. Олай болмаған жағдайда биліктің баянды болуы екіталай, сондықтан халық мақалы «Халық қаһарланса, ханды да тақтан тайдырады», - дейді. Ежелден келе жатқан «хан қылғындыру», «хан көтеру», «хан талапай» рәсім-дәстүрлері мемлекеттік биліктің басты тұғыры- халық екендігін білдіреді. Еліміз Конституциясы да «...оның ең қымбат қазынасы-адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» екендігін 1-бабында бекітті [1, 4].

Билік және билікті жүзеге асырушыларды құрметтеу керек, «...себебі билік елге қызмет етеді, ал иесі-ел қызметшісі» [2, 90]. Қазақ халқының саяси билік, оның ішінде сот билігі де осы билік тану аясында қызмет етті.

Қазақтың билік туралы қалыптасқан даңғыл жолы бар. Ол-халық таңдауы, халық билік айтар адамды өзі таңдап алған. Билік айтатын адам халық алдында беделді, білімді, көреген адам болуға тиіс. Беделді шығарған әділ шешімімен, көрегендігімен жинайды. Сондықтан да Россия жаулап алып, күштеп құрамына енгізген Қазақстанда билікті жүзеге асыру әдістеріне сол кездегі қазақ зиялылары да наразылықтарын білдірген. «Қазақтың ескі билік жолының осы күнгі өмірге қолайлы келетіндігі. ...осы күнгі өмірімізге пайдалысын қабылдап, ескі заң ережелерді бір қалыпқа түсіріп, ескі ережелерді бір қалыпқа түсіру керек...» [3], деп Шәкәрім Құдайбердіұлы билердің сайланбалы лауазымға айналғанын, сайлауда пара алып, жақын адамдарын өткізуге тырысып, кім көрінген би болды деп ашына жазған.

Ұлы Абай 22-ші қара сөзінде: «Болыс пен биді құрметтейін десең, құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пен биліктің еш қасиеті жоқ» [4, 46], - дейді.

Ә.Бөкейханов та өзінің «Қазақ» газетінде 1914 жылы жазған мақаласында «Қазақтың би ғәм билігін өзгертіп не керек... би түзу болса, билік әділ болса...» деп, «...биді кім болса, сонан қорықпайтын кылсақ, біреудің бетіне, біреудің жақсы жағына қарамайтын кылсақ...» деп бидің тәуелсіздігін қамтамасыз етуге ерекше мән берген [5, 167].

Сонымен, жоғарыдағы қазақ зиялыларының пікіріне сүйене отырып, көшпелі қазақ қоғамында билікке, сот билігіне үлкен мән беріліп, аса құрметпен қараған деп қорытынды жасай аламыз. Көшпелі қазақ қоғамындағы сот билігі мемлекеттік биліктің ең көп тараған, халыққа жақын әрі түсінікті, оның беделіне негізделген, мейлінше пәрменді, қуатты салаларының бірі. Және де сот билігі мемлекеттік биліктің басқа тармақтарына қарағанда жақсы дамыған, өз мүмкіндігін ашып көрсете алған, тіпті мемлекеттік билікті тұтастай қамтыған десек те болады.

Сот билігі көшпенділердің мемлекеттік өмірінің символы тәрізді, қолданылуы мен мен іске асуының ең қолайлы, әрі ұтымды нысаны. Өйткені хан, сұлтан және ақсақалдарға дейінгі мемлекеттік билік жүйесі ауқымындағы лауазым иелерінің де сот функциясы болғандығы белгілі. Сондықтан сот билігі мемлекеттік биліктің бір саласы болып қана қоймай, сонымен қатар іске асуының көрінісі, әрі құралы болды.

Хан билігі сот билігімен санасып отырған, беделіне сүйенген. Ал кейбір жағдайларда хандық билік сот билігінің құрамдас бөлігі немесе жалғасы деп түсінген. Соған қарамастан сот билігі хан билігінен гөрі халыққа жақын тұратын және сот билігі әрдайым халық қамқоршысы болып танылған.

Халық ұғымында хан билігі мен сот билігін салыстырғанда сот билігіне басымдылық берілген. Хан билігі мен халық мүддесі арасында қарама-қайшылық туындағанда хан асқына бастағанда сот билігінің беделі хан билігінен де асып түскен.

Сот билігінің биіктігі сонша дәстүрлі қазақ қоғамында кейбір кездері хан билігінен де жоғары болған. Би шешіміне хан да тоқталып, қалтқысыз қолдаған. Бірде Бекболат бидің інісі Абылай ханның бір үйір жылқысын айдап кетеді. Хан «бұл сізді басынғаны ғой», - деп айдап салған көмекшілерінің сөзіне ілесіп ашумен Бекболат бидің аулына келеді. Бекболат би Абылайдың алдынан шығып:

- Байқаусызда болған кемшілік қой, кешіріңіз. Бір тоғыз айып пен ауысқан малыңызды алып тыныңыз, - дейді [6, 96, 97]. Хан Абылай бидің айтқанына тоқталып, өзін айдап салған кеңесшілеріне реніш білдірген екен.

Билердің сөзіне үлкен-кіші, қарапайым халықпен қатар билеуші топ өкілдері де бас иіп тоқтаған. Азамат ретінде бидің айтқанын мойындаған. Бірде Барбос деген бай әкесіне ас беріп, атақты Байдалы биге алдын ала хабар жібереді. Сөйтсе, есімі баршаға мәлім бидің бір мінер аты жоқ екен. Ол байға қайыра сәлем жолдап, былай депті:

Дұғай сәлем Барбосқа,  
Көкірек бірге, жан басқа,  
Сұлулығы өзіндей,  
Жүйріктігі өзімдей,  
Ат жіберсін торы қасқа,  
Байдалы мінер әр топқа  
Даңқы кетер жан-жаққа.

Байдалының сәлемін естісімен Барбос бай бір жүйрік атын жіберткен екен [7].

Көшпелі қазақ қоғамында сот билігін мемлекеттік биліктің басқа салаларынан бөле-жара қарайды. Соған қарамастан оның қоғамдағы ролін асыра бағаламайды. Сот билігі қызметінің ауқымын, қоғамдық мәселелерді шешуде тиісті шеңберде және деңгейде пайдаланған. Сот билігінің шексіз еместігін, оның тек бір шектеулі деңгейде жүзеге асатынын бағамдаған. Көшпелілер үшін басты әрі негізгі сот-ол адамның өз соты, ішкі соты, ар соты. Ал билер соты ар сотының көрінісі. Сәйкесінше ең ауыр жаза ар жазасы деп түсінген. Бітімге келудің басқа жолы қалмаған кезде ғана сот билігі көмекке келген.

Қазақ қоғамындағы сот билігінің негізі және оның ерекшелігін анықтайтын-рухани өмірдің деңгейі. Сот билігі рухани өмір аясында ғана ашыла түседі.

Көшпелі қазақ қоғамындағы сот процесі де рухани өмірмен тығыз байланысты. Сондықтан да сот билігінің іске асуының шегін, өзіндік болмысын дәл айқындау қиынға соғып жатады. Сот билігі өз мақсат-мүддесін рухани өмірдің биіктігімен қамтамасыз етеді.

Көшпелілердің сот билігінің рухани өмір саласымен тығыз байланысын көрсететін тұсы-сот процесіне қатысушылардың одан «жеңіп» немесе «жеңіліп» емес, жеңілденіп шығатындығында. Қазақ қоғамының сот процесінің басты мақсаты-бітім болатын. Дауласушы тараптарды халық алдында келістіріп, бітімге келтіру сот билігінің басты мақсаты. «Дау мұраты-бітім»-сот процесінің басты принципі. Сот процесі дау бойынша ақиқатты ашуды мақсат тұтады. Сондықтан ол мақсатқа жетуге ешкім және еш нәрсе қарсы болмау керек. Сот алдында әркім өз ойын, көрген-білгенін ашық, анық айтуға ерікті. Бұл принцип, сот процесіне қатысушы тараптардың теңдігін дәлелдейді.

Көшпелі қазақтардың сот билігінің жалпы сипатына байланысты тағы мәселе-сот билігінің шешендік өнермен байланысы. Сөз өнері (шешендік өнер) қазақтардың сот мәдениетінің негізгі тірегі, құралы. Сот мәдениеті сөз өнерінің шуақты нұрынан суырылып, толып, толысып отырады. Сөз өнері, шешендік өнер жоғары бағаланып, сол өнерді жетік меңгергендер ғана би бола алды, сот ісіне араласып, билік жүргізе алды. Бұл бағытта марқұм, белгілі заңгер, заң ғылымдарының докторы, профессор Сәкен Өзбекұлы мынандай пікір білдіреді: «Қазақ билерінің өзіне тән ерекшелігі, басқа халықтарда кездеспейтін қасиеті, феномені-дау-жанжалдарды мағыналы, шешендік сөздермен шешуі» [8, 43].

Халық өзінің «от ауызды, орақ тілді» әділ билік айтқан шешен, билерін ханнан бетер қадірлеп, бітімді сөздерін жадында сақтап келген. Халық аталы бір ауыз сөзге тоқтаған. Ондай киелі сөз сөйлеу-шешендік қасиетке ие болу әсіресе қорғаушы қызметін атқаратын биге қажет болған. Айыпталушыны қорғап шығу үшін бейнелі қисынды дәлелдер айтумен қатар билер бұра тартып бара жатса тоқтатып, әділеттілікке шақыру қажет болады.

Қазақ қоғамындағы сот билігінің маңызды ерекшелігі - сот процесі ауызша жарыссөз түрінде өтетіні. Сот процесіндегі бәсекелестікке «Тумысында Демосфен, Цицеронды естіп білмеген қазақтардың жез тандай тілмарлығына таң-тамаша қалдым. Осындай халық жабайы ма? Бүгінгі көшпелі номад қазір өз басынан аса қарап тұрған халықтың ортасынан ойып орын алатын кез келді», -деп XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанға жер аударылған поляк революционері А.Янушкевич баға берген [9].

Сот тәуелсіздігіне, Жәңгір ханның сот ісін қарауына куә болған С.Раевский былай дейді: «Крик не дозволен; еще более недозволен шопот между собою или с ханом; всякое тайное объяснение-есть оскорбление присутствующих, и суд уже не считается безпристрастным» [10, 233-234].

Қазақ қоғамындағы сот билігі сөз өнерімен тікелей байланысты. «Жасына қарай отырып, жағына қарай сөйлеу» қағидасының құқықтық күші басым. Бұл қағиданың маңыздылығын, оның орын алуы үлкен даулы мәселенің бір ғана сөзбен түйінделіп шешімін табуына септігін тигізген жәйттердің көп болғандығы дәлелдейді. Бұл қағиданың мәнін ғалым З.Кенжалиев: «Бұл принцип сот процесіндегі пікір таластың, сөз жарысының шектелмеуіне, оның мейлінше еркін және жан-жақты болуына, дауласушылардың өз мүдделерін қорғау барысында бар мүмкіндікті пайдалануға бағытталған еді» [1, 100], -дейді.

Бұл принцип билердің теңдігін, олардың сөз беріп, сөз алу, тосыннан сұрақ қою, т.т. әрекеттерін қамтамасыз етуде үлкен роль ойнайды. Дауласушы тараптардың мүддесін қорғауда тең құқықты екендігін көрсетеді. Бұл қағиданың мәні тікелей дауға бітім айтар тұста сөз теңдігінің, ондада әділ сөздің теңдігінің орындалуын қамтамасыз етеді. Тараптар жасына қарай сөз алмайды, керісінше әділетті бітім айтуға тырысады.

Сонымен, қазақ халқы үшін сот билігі кіршіксіз таза болып табылатын. Қоғам өмірінің бұра тартып, адасқан тұстарында да әділдік пен шындықты сот билігінен іздеп талап еткен. Бітпес даудың, бәтуасыз шудың кесімі айтылып, қара қылды қақ жарып, жүйесін тауып билік айтылар сот билігінің басты өкілдері билер болған.

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы.* – Астана, 2008.
2. *Кенжалиев З. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет.* – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 192 бет
3. *Шаһ-Кәрім. Би және билік туралы//Заң газеті. 1994. 16-қараша*
4. *Абай. Қара сөз. Поэмалар.* – Алматы, 1993.
5. *Бөкейханов Ә. Тағы да би ғәм билік//Бөкейханов Ә. Шығармалар.* – Алматы: Қазақстан, 1994.

– 384 бет.

6. Дулатбеков Н. ҚР мемлекет және құқық тарихынан. Хрестоматия.-Қарағанды, 1994.-1-кітап.
7. Заң газеті. 1996. 24-қаңтар.
8. Өзбекұлы С. Көшпелі қазақ өркениетіндегі құқық. Право кочевой цивилизации казахов. Монография. – Алматы: Мектеп, 2002. – 224 бет.
9. Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям.-Алма-Ата, 1966.
10. Раевский С. О судопроизводстве в Букеевской орде//Русский инвалид. 1845. №59.

#### Резюме

В статье автор дает анализ деятельности судебной власти в кочевом обществе казахов. Делает попытки определить место судебной власти в жизни кочевых казахов.

#### Summary

The author gives the analuis of the activity of yudicial power in nomad soutu of kazakhs in this alticle. He tries to define the place of the yudicial power in the eife of nomad kazakhz.

### АТАҚТЫ ОРЫС АДВОКАТТАРЫНЫҢ СОТТЫҚ ШЕШЕНДІК ӨНЕР ЖҮЙЕСІНДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ

**Г. Б. Мейірбекова -**

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың халықаралық қатынастар және құқықтану  
факультетінің азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу  
кафедрасының аға оқытушысы*

Ресей сот шешендігі XIX ғасырдың екінші жартысынан, 1864 жылғы сот реформасынан кейін алқабилер соты мен алқа адвокаттарын енгізгеннен кейін дами бастады.

А.Ф. Конидің, П.С. Порохошиковтың теориялық еңбектерінде сот шешендігінің сөйлеу мәдениеті жайында нақты мәселелер қарастырылды. XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейде соттағы шешендік жанрының дамуына сот реформасындағы өзгерістер ықпал етті. Авторлардың сот шешенінің тіліне, материалдарды жеткізу амалдарына, тыңдаушылардың ынта-ықыласын сақтауға қатысты кеңестері мен ұсынбалары бүгінгі таңда да құнын жоғалтпай отыр.

П.С. Порохошиков шешен алдындағы міндеттердің ішінен төмендегі екеуін ерекше бөле-жара атайды: 1) сөздің логикалығы мен тіл дұрыстығына сүйеніп, сөздің анықтығы мен түсініктілігін қамтамасыз ету; 2) тыңдаушыларды ұйыту, өз ұсынысын қабылдауға көндіру; дәстүрлі шешендік амалдарды қолданып, қажетті атмосфера туғызу, баурау, сөзін дәлелдеу және көпшілікті иландыру [1, 3 б.].

Атақты В. Белинский шешендікті шешендіктанушылардан емес, шешендерден үйрену керек дейді: «Кімде-кім мемлекеттік шешен болғысы келсе, ол мемлекет қайраткерлерінің сөздерін үйренсін, тыңдасын, мүмкін болғанынша солардың арасында болсын, кімде-кім шешен-адвокат болуға тырысса, сот орындарынан шықпау керек, ол адвокаттар арасында болуды көздеу керек: ол да сол мамандық орайында жиі-жиі өз күшін байқай берсе, бәрінен де сол жақсы...» [2, 36 б.].

Шешендерді туғызған дәуірлердің қоғамдық-әлеуметтік сипаты әр дәуірдегі шешендерге бірдей міндет жүктеді: ол – ел тәуелсіздігі, халықтың бостандығы мен бірлігі, ақыл-ой еркіндігі, соларға жеткізер адамдық, адамгершілік қасиеттерді насихаттау. Осы жерде В.Г. Белинскийдің сөзі еске түседі: «...Тіпті француз шешені Англияда, Англия шешені Францияда сөйлеп табысқа жетпес еді, өйткені олардың әрқайсысы өз Отанында өз сөзінің күшімен халқына билік жүргізген, үстемдік еткен» [2, 117с.].

Осылай кісінің қоғамда атқаратын қызметінің жайына бейімделген өткір тілділіктің де сапасы ерекше болмақ. Адам нені жан-тәнімен сезсе, ұғынса, соны ол жетер жеріне жеткізіп айта алады. Өзі



жақсы білмейтін жайды уағыздағанда ғана кісі сөз таппай қалады.

Адамды ойы жетектей алса, анық сөйлейді, егер адам ойын жетектей алса, одан да анық сөйлейді.

Шешендік сөздің өтімділігі оның тек сырты сұлу, әдемілігінде ғана емес, алдымен идеялық сапасының жоғары, мазмұнды, шындықты жайып салып айқын, көрікті тілмен айтылуында.

Орыс ғалымы М.В. Ломоносов шешендікті меңгеру үшін: табиғи дарын, ғылым, дүлдүл шешендерден үйрену, шығармашылық сипаттағы машықтану, өзге ғылым салаларынан да хабардар болу сияқты қалып-қасиеттің қажеттігін дәйектейді. Ол шешеннің табиғи сапасы деп: өткір ой, жады, жағымды дауыс, қалыпты тыныс, жинақылық, сүйкімді келбет пен табиғи қабілетті санайды [3, С.89].

Ал енді осы пайымдаумен дәлме-дәл келетін ой-пікір біздің қазақ халқының жадында сақталып, бүгінгі күнге жеткен мына бір аңыздан анық аңғаруға болады. Бірде Әз Жәнібек хан билерінен: «Жігітке жақсы болу үшін не керек?» - деп сұрайды. Олар: «Жігітке бірінші – білім, екінші – ғылым, үшінші – ұғым керек. Сосын отты жүрек, батыл тіл керек», - деп жауап береді. Билер мұнда «білім» деп ақылды, «ғылым» деп оқуды, «ұғым» деп оны есте сақтап, орынды жұмсай білуді айтқан [4, 117 б.].

А.Ф. Кони «Сот және саясат тақырыптарындағы шешендік» деген шығармасында: «Шешендік дегеніміз – тыңдаушылардың жансезім әлемін сөзінің әдемілігімен, образдарының жарқындығымен, нақыл, ғибрат сөздердің ұшқырлығымен толқытатын, баурайтын өнер, өзгеше қабілет – қарым, тума қасиет, сондай-ақ өскен ортаның, үлгілі жандардың, ұлағатты кітаптардың тағылым-тәрбиесі, өз дүние танымының нәтижесі», - деп жазған [5, 3 б.].

Ата Заңымыз ҚР Конституциясында Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп айқын айтылған [6, 1 б.]. Бұл қағиданың жүзеге асуын қамтамасыз ету жолын-дағы бас күрескер тұлға қай қоғамда болмасын адвокат екені бесенеден белгілі. Былайша айтқанда, адвокатты дәрігерлер тәрізді адам жанының арашашысы деуге толық негіз бар. Оның куәсі мына бір мысал.

Небір оқулықтарға арқау болған орыстың адвокаты Плевако өз тәжірибесінде сотта қаралған істерінің бірде-бірінде жеңіліп көрмеген деседі. Тапқырлығының, шешендігінің, адамның жан-дүниесін жете түйсіне білуінің арқасында ол, тіпті ақталмайтын жағдайлардың өзінен де жеңімпаз болып шығып отырған. Соның бірін ғана келтіре кетейік.

Қасақана болмаса да кісі өлтірген адамның ақтауға жатпайтыны басы ашық мәселе. Қылмыс ашылып, кісі өлтірген адам өз кінәсін толық мойындап та қойған болатын. Плеваконың әріптестерінің ішінен ешкім батылы барып іс бойынша қорғауды қолға алмайды. Ал, оның кейбір әріптестері қалжыңға айналдырып "Құрметті, Федор Никифорович, мына адамды қорғасаңыз қайтеді. Бірақ, бұл жолы сіздің шешендігіңіз, сірә көмектесе қояр ма екен?" десе, енді бірі "беделіңізден айырылып қайтесіз" деген жанашырлығын білдіріп жатты. Плевако осылардың бәріне қарамастан қорғауға тәуекел етеді. Міне, сот отырысы болатын күн де келіп жетті. Прокурор кісі өлтірген деген күдікпен ұсталған поптың айыбын бұлтартпас дәлелдермен мойнына қойып та берді. Поп болса өзінің кінәсін толық мойындады. Кезек адвокатқа келді. Залда жым-жырт тыныштық орнап, сотқа қатысушылар бұл не уәж айтар дегендей Плевакоға назар аударып, оның жүзінің алабұртып, толқып тұрғанын аңғарып та үлгерді. Плеваконың дәл осы жолы өз тәжірибесіндегі ең қысқа сөзді айтатынын олар, әрине сезген де жоқ. Ол мынау еді: "Жоғары мәртебелі Алқаби мүшелері! Мәселенің басы ашық. Прокурормен толық келісемін. Айыпталушы да кінәсін мойнына алып отыр. Талас туғызар еш нәрсе жоқ. Тек мынаған көңіл аударғым келеді. Сіздердің алдарыңызда отыз жыл бойы өзгелерді күнәсінен тазартып келген адам отыр. Енді, міне ол сіздерден өзі ешкімнің қыстауынсыз, шын ниетімен толық мойындаған күнәсін кешіре ме екен деп күтуде. Сәлден кейін ешкім күтпеген шешім шығарылды. Алқаби мүшелері бірауыздан айыпталушыны ақтап алды.

П.С. Порохошиковтың «Сот шешенінің өнері» дейтін еңбегінде сөйлеудің айқындылығы ғам тазалығы, сөз байлығы мен пәнді білу, қарапайымдылығы мен қуаттылығы, әуезділігі мен ырғақтылығы, шешеннің рухани еркіндігі, жазба жұмыс пен импровизацияның қарым-қатысы, тыңдаушының ынта-ықыласы, түсініксіз ойлар мен шұбалаңқы сөйлемдер жайында іргелі, күрделі пікірлер айтылады. «Қазіргі соттағы шешендікте түйінді сөз айтуға ұмтылыс жоқ. Шешен әр күн сайын тілді дамытып, байытып отыруға, әңгімелесу үстінде естіген соны сөздерді жазып, көңілге тоқуға машықтануы дұрыс. Шешеннің сөзі күн сәулесі айнаға түсіп қалай жарқырайтын болса, сондай дәл, ап-анық болғаны жөн [7, 117 б.].

Сотта сөз айрықша анық айтылуы қажет. Нақтылық пен айқындылық шынайы стильге тән,

құбылысты барынша түсініп тану және тіл құбылыстарын жүйрік зердемен зерттеу құба-құп болар еді. Сильдің аса көркем өрнектері қарапайымдылықтан туанда, табиғи сипатқа ие болады. Мінбеге шыққан шешен сөз туралы ойламау керек, ол рет-ретімен өзі түзіледі. Тыңдаушылар өз ойымен өзі болып, яғни толқынды, құйынды ойларының ырқына бағынғадығының куәгері болуға тиісті. Кез келген шешен өзінің мамандығына тән сөздерді пайдаланады, сонда ғана табиғи сұлулыққа бөленеді», - деп жазады ғалым [7, 38 б.].

Ресейде шешендік өнердің кенжелеп дамығандығын айтып, оның себебін түсіндірген Д.И.Фонвизиннің: «Шешендердің аз болу себебі шындығында шешендік дарын көрінетіндей жағдайдың жоқтығынан. Шешендік абырой-атаққа айқара есік ашатын және консульдікпен сайланатын ізде халық жиналыстары жоқ» деген сөзін келтірген Б.Адамбаев: «Шешендік өнер қай жерде сөзге бостандық, еркіндік болса, жүйелі сөзге жұртшылық, қоғам құлақ асса, міне, сол жерде, сол елде ғана дамиды. Керісінше, ақыл-ойға, сөзге-тілге қысым жасалып, шек қойылған жерде ақыл-ойдың адамдары, ең алдымен ақындар мен шешендер қорғалап сөйлей алмайды, сөз өнері тоқырайды» [8, 148 б.], - деген болатын. Жалпы шешендік өнердің шығуы белгілі бір қоғамдық жағдайлармен және халықтың бас қосу жиналыстарымен байланысты болғандығын қазақ шешендік өнерінің тарихы да растайды. Нағыз қорғаушы болуы үшін сөзге шешен, тілмар, психологиялық тұрғыдан әсер ететіндей сөйлеуге, бәсекеге түсе алуға, болған оқиғаны сот мәжілісінде отырған адамдардың көз алдына алып келуге шебер болуы қажет. Көптеген Ресей адвокаттары осындай шеберліктерімен көзге түскен. Мысалы: бүкіл әлемге танымал В.Ю. Яков, Н.П. Кан, В.Ю. Языков, Я.С. Киселев және т.б. көптеген Ресей адвокаттары сот процесінде өздерінің өте жоғары шеберліктерімен танылған.

Бүкіл әлемге танымал Ресей адвокаттарының бірі Н.П. Канның сот процесіндегі сөзінің үзіндісі: «Құрметті алқабилер, сотталғандардың тағдыры сіздердің қолдарыңызда. Сіздер оларды не ақтап не қаралап шығарасыздар. Заң қылмыскерге әділ жаза беруді талап етеді. Ал айыпталушы тек шын мәнінде жасаған теріс қылықтары үшін жазаға тартылмауы керек. Заңда көрсетілгендей қылмыскерді қылмыскер деп танымай оны жан-жақты жақсы жағынанда, жаман жағынанда қарау керек. Әрине Игорь Ивановты жақсы таныған адамдар Игорь Ивановтың қайтыс болғанына қайғырып әділдікті сұрайды. «Жанға жан» - деп құрметті айыпталушылардың бірі айтты. Бірақ бұл айтылған сөз жаңа емес. Керісінше ескі және қолдануға жарамсыз әділ сот үшін - деген еді [7, 148 б.].

Ресей империясында цензура мықты болғандықтан адвокаттардың беделі төмен болды. Онда бірақ: «Әркім қолымен істегенін мойнымен көтеру керек» деген қағиданы басшылыққа алды. Яғни, барлығы жауапкершілікке тартылмай кетпеу керек деген еді бұл.

Ердің, елдің тағдыры сөз болатын, соғыс, бітім секілді маңызды мәселелер қозғалатын бұрынғы хан кеңестері, қазіргі парламент сарайлары, сот залдары – саңлақ шешендер мен саяси қайраткерлерді қалыптастыратын орындар. Дүние жүзіне есімдері әйгілі шешендердің көбінесе мемлекет қайраткерлерінен, заң қызметкерлерінен, парламент мүшелерінен шығатыны да осыдан. Мысалы, ежелгі Афина шешені Демосфен, Рим шешені Цицерон парламент басшылары болса, орыс шешендері П.А. Александров, Ф.Н. Плевако, А.Ф. Кони заң қызметкерлері еді.

1. Сергеев П. *Искусство речи на суде*. - М., 1988, - 267.
2. Белинский В.Г. *Общая риторика Кошанского* // Полн. Собр. Соч. - М., 1955. Т. 8. 727 с.
3. Ломоносов М.В. *Краткое руководство к красноречию* // ППС Т. VII - М., Л., 1952. С. 378
4. Төрехұлов Н, Қазбеков М. *Қазақтың би-шешендері*. – Алматы, 1993.- 400 б.
5. Кони А.Ф. *Избранные произведения. Т.1*. - М., 1959. 173 с.
6. *Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж.* - Алматы: «Юрист», 2009 ж. – 40 б.
7. Сергеев П. *Основы искусства речи*. - М., 1992. - 416 с.
8. Адамбаев Б. *Халық даналығы*. - Алматы, 1959. - 556 б.

#### Резюме

В статье рассматривается роль и значение ораторского искусства речи адвокатов России в суде, в период XIX века 1864 году, в частности, таких выдающихся адвокатов как А.Ф. Кони, П.С. Пороховщиков

и т.д.

#### Summary

The article considers the role and importance of oratory art and speeches of Russian lawyers in court, in the XIX-th century, in particular such outstanding lawyers as A.F.Koni, Porohovshikov etc.

### АПЕЛЛЯЦИОННОЕ ОБЖАЛОВАНИЕ

Д.Мухияев -

*магистрант 1 курса Университета имени Д.А. Кунаева*

Государство как организация народного самоуправления создается для человека, в силу чего самое пристальное внимание сегодня обращено к механизмам реализации прав и свобод личности. Публично-правовая воля народа Казахстана, выраженная в принятой им Конституции. В статье 1 Конституции РК, Республика Казахстан провозглашает себя правовым государством, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы [1].

Аксиологический императив этой формулы означает, что все остальные конституционно-правовые ценности (государственный суверенитет, народовластие и др.) инструментальны по отношению к человеку, его достоинству, правам и свободам. Наиболее эффективной гарантией конституционного статуса личности выступает судебная защита, которая «реализуется через совокупность различных процессуальных средств, обеспечивающих справедливое правосудие и эффективное восстановление нарушенных прав граждан». И одним из реальных механизмов реализации этих принципов является апелляционное производство. Именно апелляционное производство дает возможность защитить эти права и свободы человека, оно также дает возможность судебной власти выявлять те ошибки и недочеты, которые были допущены нижестоящими инстанциями.

Сегодня Казахстан входит в мировое сообщество и поэтому именно этот вопрос стоит на первом месте, т.е. вопрос о реальной защите прав и свобод человека в гражданском судопроизводстве.

Апелляционное производство в гражданском процессе возникло ещё в Римской империи. Слово «*apellatio*» латинского происхождения и означает «обращение, жалоба», то есть речь идет об обжаловании судебного решения в более высокой судебной инстанции с целью пересмотра дела [2].

В зарубежном гражданском процессе апелляционное обжалование является обычным способом проверки решений судов первой инстанции.

В современном законодательстве Казахстана право апелляционного обжалования было восстановлено в Гражданском процессуальном кодексе [3], и с введением судей в систему судов общей юрисдикции и наделением их функцией осуществления правосудия был установлен апелляционный порядок обжалования и проверки решений и определений судей.

Сущность апелляционного обжалования в гражданском судопроизводстве заключается в том, что лица, участвующие в деле, имеют право обратиться в установленном законом порядке с апелляционной жалобой на не вступившее в законную силу постановление мирового судьи в районный суд как суд апелляционной инстанции.

Апелляционная инстанция вправе вторично рассмотреть дело по существу в случае обращения лица, участвующего в деле, в апелляционную инстанцию.

Апелляционная инстанция проверяет законность и обоснованность постановление мирового судьи по правилам судопроизводства в суде первой инстанции.

В юридической литературе различают два вида апелляции – полную и неполную [4].

Неполная апелляция представляет собой пересмотр решения, не вступившего в законную силу, на основании доказательств, исследованных судом первой инстанции. При неполной апелляции дело может быть возвращено в суд первой инстанции для нового рассмотрения. Полная апелляция представляет собой пересмотр дела в целом на основе не только имеющихся в деле материалов, но и представленных в суд апелляционной инстанции любых новых доказательств. В данном случае апелляционный суд вправе устанавливать новые факты, поэтому он не может направить дело в суд первой инстанции для нового рассмотрения, а должен сам вынести решение по существу на основе исследованных доказательств и установленных фактов.

В гражданском процессе право апелляционного обжалования представляет собой право на

возбуждение апелляционного производства (производства в суде второй инстанции) по проверке законности и обоснованности решения мирового судьи, не вступившего в законную силу.

Право апелляционного обжалования возникает у сторон и других лиц, участвующих в деле, в соответствующий районный суд через мирового судью со дня вынесения решения мировым судьей.

Задачи апелляционной инстанции одной из реальных гарантии осуществления конституционного права на судебную защиту и вынесения судами законных и обоснованных решений является право обжалования решений, не вступивших в законную силу. Это право не зависит от того, допущены ли в действительности по делу какие-либо нарушения. Вместе с тем в некоторых случаях имеют место судебные ошибки или упущения, влекущие за собой вынесение незаконных или необоснованных решений вследствие неправильного толкования или применения закона либо недостаточной исследованное фактических обстоятельств дела.

Закон предоставляет участвующим в деле лицам право обжалования решений, не вступивших в законную силу, и возлагает обязанность проверки законности и обоснованности судебных решений на суд второй инстанции. По ГПК прокурор приравнен к лицам, участвующим в деле, и может обратиться в суд апелляционной инстанции, если участвовал в процессе при рассмотрении дела в суде первой инстанции. Формой его обращения в суд является представление.

Принесение жалобы, представления является основанием возбуждения производства в суде второй инстанции (апелляционное производство), являющейся одной из основных стадий гражданского процесса.

Судебный контроль за ограничением прав и свобод человека при проведении оперативных и следственных мероприятий органов дознания и следствия, усилит состязательность досудебного производства по уголовным делам «создающая систему дополнительных средств обеспечения законности действий, ограничивающих конституционные права и свободы личности, усиления защиты граждан от необоснованных ограничений прав и свобод, от злоупотреблений правом власти со стороны следователей, органов дознания, прокуроров».

Вторжение в частную жизнь гражданина допускается только на основании судебного акта: «Каждый имеет право на неприкосновенность частной жизни, на защиту. Каждый имеет право на тайну переписки, телефонных и иных переговоров, почтовых, телеграфных, электронных и иных сообщений. Ограничение этих прав допускается только в соответствии с законом и исключительно на основании судебного акта». Судебное решение на производство следственных действий производится без участия подозреваемых, обвиняемых, чье конституционные права подвергаются ограничению. Проведение следственных действий в случаях, не требующих отлагательства, допускаются без судебного акта, с последующим представлением суду соответствующих материалов для проверки их законности и обоснованности.

Органы прокуратуры, осуществляющие надзор за соблюдением органами, осуществляющими оперативно-розыскную деятельность, следствия осуществляют надзор за проведением следственных действий, не требующих судебного решения. «Нет надобности в том, чтобы одни и те же контрольные функции выполняли разные органы».

Необходимо развивать закрепленные в статье 24 Конституции Кыргызской Республики судебный контроль за соблюдением прав человека при задержании и предоставление право предстать перед судом, для проверки законности и обоснованность ограничения личной свободы и только после этого решение вопроса о применении меры пресечения в виде заключения под стражу.

Серьезным пробелом в уголовно-процессуальном законодательстве Кыргызской Республики является отсутствие прямого требования судье проверять обоснованность подозрения или обвинения при санкционировании заключения под стражу. Суд не обсуждает вопрос об обоснованности самого обвинения, а рассматривает лишь наличие оснований, с которым закон связывает возможность применения заключения под стражу. Однако, как справедливо отмечает профессор Лазарева В.А., «существует мнение о том, что суд должен проверять не только соблюдение формальных (процедурных) условий ареста (или другого решения), но и достаточность фактических оснований для применения той или иной меры пресечения, в том числе степень доказанности совершения преступления данным лицом, характеристику личности, вероятность уклонения от следствия и суда». «Доказанность подозрения (обвинения) и правильность квалификации приписанного человеку деяния не могут произвольно

исключаться из сферы судебного контроля при ограничении неотъемлемого права человека на свободу и личную неприкосновенность».

Как показывают материалы следственно-судебной практики в Кыргызстане не находят достаточного применения предусмотренные уголовно-процессуальным законодательством альтернативные меры пресечения такие как: домашний арест, залог, личное поручительство. Фактически в руках принимающего решение лица есть только две реальные меры пресечения: как подписка о невыезде и заключение под стражу. Важной проблемой, влияющей на распространение заключения под стражу является неэффективность судебного контроля, не выполняющий отведенную роль ограничителя и не служит надлежащим фильтром на пути неоправданного и не подкрепленного реальной потребностью в применении данной меры пресечения. Расширение альтернативных мер пресечения не имеет большого смысла, если для этого не будут созданы необходимые материально-организационные условия. Это особенно ярко проявляется в случае с домашним арестом, требующим в условиях современного общества особых механизмов обеспечения надлежащего поведения обвиняемого.

Реформа досудебного производства по уголовным делам невозможна без эффективной и профессиональной защиты. Необходимо в законодательном порядке гарантировать независимость адвоката и адвокатской деятельности. Расширить полномочия адвоката благодаря предоставлению ему возможностей самостоятельно собирать необходимые сведения, возможность граждан получать бесплатную юридическую помощь.

В действующем уголовно-процессуальном законодательстве Кыргызской Республики не представлены альтернативы уголовного преследования. Статья 29 УПК КР «Прекращение уголовного дела с освобождением от уголовной ответственности» предусматривает право следователя с согласия прокурора прекратить уголовное дело с освобождением лица от уголовной ответственности:

- 1) вследствие изменения обстановки, если совершенное деяние потеряло общественно-опасный характер или лицо перестало быть общественно-опасным;
- 2) при достижении согласия обвиняемого с потерпевшим в соответствии со статьей 281 УПК КР.

В указанной статье предусматривается право обвиняемого (подсудимого) и потерпевшего на проведение переговоров о возмещении вреда и примирении путем проведения примирительной процедуры через медиатора. В статье 401 Уголовно-процессуального кодекса Кыргызской Республики предусматривается альтернатива уголовному преследованию в отношении несовершеннолетних «Освобождение судом несовершеннолетнего от уголовной ответственности с применением принудительных мер воспитательного воздействия».

Необходимо расширение номенклатуры альтернатив уголовному преследованию на основе международных стандартов в отправлении правосудия по уголовным делам. В этом качестве могут выступать такие виды альтернатив как добровольные работы в интересах общества, добровольное прохождение курса лечения от наркомании, алкоголизма, если преступление связано с указанными заболеваниями обвиняемого.

В силу деформации полицейских и судебных функций имеют место сложности для применения существующих в законодательстве альтернатив уголовному преследованию. Так, реализации норм статьи 29 УПК КР осуществляется следователем с согласия прокурора. Следствие по уголовным делам в Кыргызской Республике производится следователями органов прокуратуры, внутренних дел, национальной безопасности, органа Кыргызской Республики по контролю наркотиков, уголовно-исполнительной системы Министерства юстиции Кыргызской Республики, финансовой полиции и таможенных органов (статья 161 УПК КР), то есть полицейскими органами. В связи, с чем можно говорить о наличии в уголовно-процессуальном законодательстве Кыргызской Республики полицейских альтернатив уголовного преследования, в том числе и о полицейской медиации.

Конституционный принцип «Осуществление судопроизводства на основе состязательности и равноправия сторон» и статья 18 УПК КР предписывают, что «Обвинение, защита и разрешение дела судом отделены друг от друга и осуществляются разными органами и должностными лицами». Этот принцип в корне меняет характер уголовно-процессуальной деятельности и содержание уголовно-процессуальных отношений. Вся глубина этих изменений до сих пор не изучена, и по ним нет единого мнения среди ученых-процессуалистов и практиков.

Центральным вопросом развернувшейся дискуссии является вопрос о том, распространяется ли принцип состязательности и равноправия сторон на все стадии процесса или он действует исключительно в судебных стадиях.

На наш взгляд, заслуживает внимание мнения С.А. Пашина, В.А. Лазаревой, считающих распространение действия данного принципа на весь уголовный процесс и, тем самым, предлагающие существенных изменений в досудебном производстве по уголовным делам, в том числе предоставление защите права собирать доказательства, которые по значению будут приравнены к доказательствам, собранным следователем.

«На любой из стадий, в том числе на стадии возбуждения уголовного дела и на стадии расследования, если возникает вопрос, подлежащий разрешению судом, должен «включаться» принцип состязательности. В любой из подобных ситуаций стороны должны быть функционально различны и отделены от суда. Они должны иметь равные права для отстаивания своих прав и интересов перед судом. А суд должен проявлять объективность и беспристрастность независимо от того, касаются ли рассматриваемые вопросы существа уголовного дела или судебного контроля.

#### Резюме

В статье автор указывает на наличие пробелов в законодательстве, регулирующее досудебное производство по уголовным делам в Кыргызской Республике. Автор анализируется уголовно-процессуальное законодательство и пути обеспечения состязательности досудебных стадий уголовного процесса. Приводятся мнения ведущих ученых-процессуалистов по исследуемой проблематике.

#### Summary

Problematic issues of pretrial proceedings in criminal matters in the Kyrgyz Republic

The author points to the existence of gaps in the legislation governing pre-trial proceedings in criminal cases in the Kyrgyz Republic. The author analyzes the criminal procedure law and ways to ensure the competitiveness of pre-trial stages of criminal proceedings. Reflect the views of leading scientists processualistov to study issues.



## АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО И ГРАЖДАНСКИЙ ПРОЦЕСС

### САҚТАУ ШАРТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ

Д.С. Байсымакова -

*«Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу» кафедрасының аға оқытушысы*

Сақтау шарты бойынша бір тарап (сақтаушы) оған екінші тараптың (жүк берушінің) берген затын сақтауға және бұл затты сақталған күйінде қайтаруға міндеттенеді (ҚР АҚ 768-б. 1-т.) [1].

Сақтау мәселесін баяндайтын бірқатар теориялық зерттеулерде атап өтілгендей сақтау қызмет көрсетудің ерекше түрі, соның ішінде қызмет көрсетулердің ішінде азаматтық-құқықтық міндеттемелер арқылы қамтамасыз етіле алатын кең таралған түрлерінің бірі болып табылады.

Қазіргі қоғамда сақтау бойынша қатынастардың кеңінен таралуын толық түсінуге болады. Азамат өз үйінен шығып, қоғамдық орындарға барғанда-ақ заттарды сақтауға беру қажеттілігі жиі туындайды. Мұндай жағдайларда азамат үшін шарт еркіндігі, біз бұған мән бермесек те, елеулі түрде шектеледі. Білім беру, дәрігерлік, өзге де мекемелерде, ұйымдарда, театрлар мен т.б. жерлерде сырт киімді гардеробка өткізу талабы белгіленуі мүмкін. Дүкендерде (сауда кәсіпорындарда) сөмкелерді, қол сандықтарды, кейстер мен өзге де ұқсас заттарды сақтауға өткізуді талап ете алады.

Жалпы пайдаланыстағы орындарда (базаларда) саудамен айналысатын кәсіпкерлер базарларға тиесілі үй-жайларда сақтау қызметін пайдалана алады. Жалпы кіші кәсіпкерлік субъектілеріне (сауда фирмаларына) өз тауарларының сақталуын қамтамасыз ету үшін сақтаумен кәсіби түрде айналысатын субъектілердің қызметтерін пайдалану тиімдірек болып табылуы мүмкін. Бұл аталған кәсіпкерлерге қайта үй жайларының құрылысына (оларды сатып алуға) оларды жалға алуға, күзетуге, сондай-ақ қойма жабдықтарын сатып алуға қомақты соманы жіберуге мәжбүр болғанның орнына өзінің айналым қаражаттарын жұмсамауға мүмкіндік береді.

Сақтау қажеттілігі заңдардың талаптарына сәйкес туындайтын жағдайлар да орын алады. Мысалы, арестке алынған мүлікті, мұраға қалдырылған мүлікті, кеден қоймаларындағы мүлікті және т.б. сақтау жүзеге асырылады.

Заттардың белгілі бір түрлері тек тиісті жағдайлары бар, заттардың сақталуын қамтамасыз ете алатын (соның ішінде ұрлаудан сақтай алатын), оларды беру мен сақтауға қабылдаудың тиісті режимін қамтамасыз ететін сақтаушылармен ғана сақтала алады. Әрине, мұндай жағдайларда да заттарды сақтауға беру қажеттілігі туындайтын болады.

Яғни, сақтау бойынша міндеттеменің туындауы әртүрлі себептермен жетеленуі мүмкін және ол тек сақтау шартына ғана байланысты туындамайды. Алайда сақтау шарты басқа да барлық жағдайларда осындай міндеттеменің туындауының негізі болып табылады. Сақтаушы тұлға мен заттарды сақтауға берген тұлғаның құқықтары мен міндеттері шартқа, сәйкес сақтау туралы ережелермен анықталатын болады. Қазіргі жағдайларда мүлікті сақтау бойынша міндеттердің тұлғаға оның еркінен тыс жүктелуі, сирек кездесетін жағдайларды қоспағанда, мүмкін емес екенін атап өткен жөн. Сондықтан біз, мұны қаласақ та, қаламасақ та сақтау шартының құрылымына жүгінуге мәжбүр боламыз.

Сақтау қолданылатын аялар сақтаудың жекелеген түрлерін сондай-ақ, сақтау қатынастарын реттейтін заңнама актілерін қарастыру (атап өту) кезінде тағы бір рет сипатталатын (нақтырақ) болады.

Пост кеңестікте сақтау институтының қазіргі жай күйіндегі мәселелерін жан-жақты баяндаған аз ғана авторлардың бірі -М.И. Брагинский [2, 157 б].

Оның сақтау қамтамасыз етілетін мүмкін болатын заңдық құрылымдарды талдауы назар аударуға

тұрарлықтай (біз осындай құрылымның негізі болып тікелей сақтау шарты табылатындығын атап өттік).

Аталған автор сақтау бойынша қатынастардың төрт негізгі құрылымын ажыратады. Біріншісі ретінде, біз айтқандай, шарт үлгісі аталады. Ол бүтіндей және толығымен заңды анықтама аясына сай келеді. Бұл құрылымға деген қажеттілік немесе мұқтаждық сақтау қызметі дербес сипатқа ие болғанда туындайды.

Сақтау бойынша міндеттеме басқа түрдегі шарттар мазмұнына кіретін жағдайлар туындауы мүмкін. Бұл объективті де субъективті де факторлармен түсіндірілуі мүмкін.

Осылайша сақтау жөніндегі міндеттемелердің қалған құрылымдары, олардың басқа шарттардың мазмұнына кіруіне негізделеді.

Бұл жағдайларда да, сақтау бойынша қатынастардың қалған үш құрылымын ажыратып алуға мүмкіндік беретін вариация мүмкін болады.

Екінші құрылым болып сақтау бойынша міндеттеменің бір тұтас күрделі шартқа енуі табылады. Сонымен бірге мұндай шарт сақтаусыз әрекет ету мүмкіндігіне ие болмауға тиіс. Мұндай шарттың мысалына тасымалдау шарты жатады. М.И. Брянский, Г.Ф. Шершеневичке сілтеме жасайды [3,240 б].

Г.Ф. Шершеневич тасымалдау шартын мынадай төрт элементті ажыратқан: жеке жалға алу; мүліктік жалға алу; тапсырыс және жүк. Осы элемент (сақтау) тек тасымалдау шартында ғана емес, сондай-ақ басқа да күрделі шарттарда, соның ішінде кепіл, консигнация (тауарларды сатуға беру туралы шарт) шартында, почта байланысының қызметтерін көрсету кезінде және т.б. бар.

Сақтау күрделі емес, аралас шарттың да құрамына ене алады. Сақтаудың аралас шарттың құрамына енуі екі құрылымды мүмкін етеді.

Бірінші құрылым (яғни жалпы тізім бойынша үшінші) кезінде сақтау шарттағы тараптың негізгі міндеттемесіне қызмет көрсетеді. Яғни оның өзі қосымша болып табылады. Оны ашатын мысалдарға бірнешеуін келтіруге болады. Мәселен, сақтау бойынша қосымша міндеттеме тараптардың келісімімен көлік экспедициясы, мердігерлік, комиссия, тапсырыс шарттарында көзделуі мүмкін.

Төртінші құрылым сақтау бойынша міндеттеменің басқа міндеттемелермен қатар орын алуын (басымды немесе кем дегенде тендей тәртіпте) көздейтін болады. Сақтаушы өзіне экспедициялық қызмет көрсету бойынша, жүк беруші пайдасына қосымша мердігерлік жұмыстар атқару және т.б. міндеттерді қабылдауы мүмкін.

Сол бір немесе өзге құрылымды қолдану, сақтау бойынша қызмет көрсететін субъект пен оның несие берушісі қатынастарының тәжірибелік мәселелерін шешуге әрине ықпал етеді. Алайда, біздің ойымызша, сақтау жөніндегі жалпы, негізгі ережелердің де маңызын кемсітпеген жөн.

Елеулі айырмашылық сақтаудың күрделі шартқа енуі мен сақтаудың аралас шартқа енуі арасында айқын көрініс табады. Бірақ, жоғарыда айтылғанды ескере отырып, М.И. Брагинскийдің [2] "сақтау шарттың басқа элементтерімен қосылып кететін күрделі шартқа қарағанда оған белгіленген біртұтас құқықтық режимге бағынады... аралас кезінде АК 412-бабы күшіне енеді" деген біржақты пікірі дұрыстау емес деген ойдамыз. Мүмкін, күрделі шарт қатынастарын тікелей реттейтін нормалар әрекетінің басымдығы және сақтау туралы нормаларды қолдану мүмкіндігі туралы айтқан жөн болар. Әйтпегенде, күрделі шарттар аясында "жүк элементін" (сақтауды) бөліп көрсету мәнісінен айырылады. Бұған қоса, заңнаманы осылай талқылау арқылы біз бірқатар ұқсас жағдайларда сақтау туралы нормалардың жалпы (бағыттаушы) маңызын елеулі түрде төмендетіп аламыз. Сақтаушылар және жүк берушілер деп тікелей аталмаған субъектілердің құқықтары мен міндеттерін анықтауда айтарлықтай қиыншылықтар туындайды, алайда олардың іс жүзіндегі жағдайы сақтаушы мен жүк берушінің жағдайы сияқты болып табылады немесе соған жақынырақ болады.

Сақтау шартын (міндеттемесін) аралас шарттардан бөлектеген жөн. Бұл сақтау шартының өзі туралы толық пікір (әсер) алуға мүмкіндік береді.

Сақтау шартының қарым-қатынасы туралы осы мәселені баяндауда А.П.Сергеева мен Ю.К. Толстойдың редакторлығымен шыққан азаматтық құқық оқулығының авторлары қомақты үлес қосты [4, 605 б].

Аталған оқулықтың авторлары атап өткендей, сақтаудың жалға алу мен ссудадан ерекшелігі - сақтаушының мүліктің сақталуын оны пайдалану құқықтарын иеленбей қамтамасыз етуге тиіс екенінде. Ал жалға алушы мен несие беруші мүлікті пайдалану құқығын иеленеді, - дейді Брагинский М. И. [2, 6 б/].

Яғни екі жағдайда да мүлікті уақытша иелікке берудің мақсаттары әртүрлі (осының өзі салыстырмалы талдау жасауға түрткі болды).

Аталған ерекшелікке сүйене отырып, сақтаушының әрекеттерін, егер ол өзінің шарттық өкілеттіктерін асыра отырып, мүлікті пайдаланатын болса, заңсыз деп тануға болады. Жалға алу шартында сақтау элементін бөліп көрсету мүмкін емес, өйткені жалға алушы, мүлікті уақытша болса да өз иелігіне ала отырып, оны өз мақсаттары үшін сақтайтын болады. Мүліктің сақталуын қамтамасыз ету бойынша жалға алушының міндеттері тікелей мүлікті жалға алу шартынан туындайды (тек осы шарттың ерекшелігін құрайды). Жоғарыда мүлікті жалға алу шартын қарастыра отырып, біз мүлікті ұстау жөніндегі ауыртпалық сәйкесінше жалға алушыға өтуге тиіс екендігі туралы айтқанбыз. Егер де сақтау шарты туралы сөз қозғайтын болсақ, онда мүлікті ұстау ауыртпалығын сақтаушыға беруге жол берілмейді.

Осы айтылған сөз аралас шарттардың соның ішінде жалға алу элементтері бар сақтау шартының бекітілуін жоққа шығармайды. Мұндай сәттерде, тиісінше жалға алу немесе сақтау туралы нормаларды қандай пропорцияда, тараптардың қандай қатынастарына қолдануды анықтау міндеті туындайды. Бұл жөнсіз мәселе емес. Мәселен, жалға беруші мүлікті жалға бере отырып, затты пайдалану нәтижесінде оның мүмкін болатын тозуымен алдын-ала келіседі. Ал, жүк беруші болса затты бұрынғы күйінде, тозусыз қайта алуға жиынтық айырмашылық айқын көрінеді. Қандай нормалар басымды болып табылады, тараптар мүдделерінің балансы қайда? Бұл даулар бойынша істерді шеше алатын аяқтар, сондай-ақ зерттеушілер мен азаматтық құқықтың өзге де мамандары үшін күрделі сұрақтар болып табылады.

Сондықтан олардың мәнісіне, мазмұнына нормативтік реттелуі мен осыған байланысты, мүмкін болатын тәжірибелік айырмашылықтарға сүйене отырып біз сақтаумен заем, сақтау мен қозғалмайтын мүлікті күзету шарттарын ажыратамыз.

Бірақ біз аталған оқулық авторларының мынадай пікірмен келіспейміз: "сақтау шартын, басқа азаматтық-құқықтық міндеттемелердің құрамдас бөліктері болып табылатын мүліктің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерден ажырату қажет. Дәлірек айтқанда, мұндай міндеттер заңмен мердігерге (АК 914-бабы) тасымалдаушыға (АК 796-бабы) комиссиянерге (АК 998-бабы) және бірқатар өзге міндеттемелердің қатысушыларына жүктеледі. Осындай және соларға ұқсас барлық жағдайларда тараптардың өзара қарым-қатынастары сақтау шарты туралы нормалармен емес тиісті шарттар туралы ережелермен реттеледі. Келіспеушілік себебін жоғарыда атап өткенбіз. Жалға алушы мүлікті өз мақсаттары үшін алатыны жалға алуға қарағанда, кәдімгі сақтаушы сияқты, мердігер де затты құр сақтайды және мердігердің осы міндетінің тәртібін реттеу үшін мердігерлік туралы нормалардың өзі жеткіліксіз болғанда сақтау туралы нормалар қолданылуға тиіс. Енді шарттың өзін нақты қарастыруға көшейік.

Әрекет етуші заңнамада сақтау шартының бірқатар түрлерінің тәртібі ретке келтірілген. Ең алдымен, сақтаудың барлық шарттары үшін маңызды болатын сақтау туралы жалпы ережелер бөліп қарастырылады. Олармен кәдімгі (тұрмыстық) сақтау да реттеледі.

Субъектілік қатарындағы айырмашылықтарға, мазмұнындағы кейбір ерекшеліктер мен нормативтік бекітілуіне байланысты сақтау шартының мынадай түрлері ажыратылады: 1) заттарды ломбардта сақтау; 2) құндылықтарды банкте сақтау; 3) көлік ұйымдарының сақтау камераларында сақтау; 4) ұйымдардың киім ілгіштерінде сақтау; 5) қонақ үйде сақтау; 6) даулы заттарды сақтау – секвестр.

Кәсіпкерлік аясындағы қарым-қатынастарды реттеу үшін арнайы көзделген және осыған орай нысанындағы тараптардың құқықтары мен міндеттеріндегі елеулі ерекшеліктерге байланысты жеке бөліп қарастырылатын сақтау шартының тағы бір түрі болып тауарлы қоймада сақтау шарты табылады.

Сақтау шарты туралы нормалар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, 39-тарауда (768-802-баптар) қамтылған. Сақтау қатынастарына қатысты нормалар сондай-ақ өзге де заңдық және заңға сәйкес нормативтік актілерде көрініс тапқан. Оларға мыналарды жатқызуға болады: 31 тамыз 1995 жылғы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заңы [5], 19 қаңтар 2001 жылғы Қазақстан Республикасының «Астық туралы» Заңы [6], 5 сәуірдегі 2003 жылғы Қазақстан Республикасының кеден кодексі [7], 10 шілде 1998 жылғы Қазақстан Республикасының "Есірткі құралдары, психотропты заттар, прекурсорлар мен олардың заңсыз осы заңның атауын тексеру керек айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы әрекет ету шаралары туралы" Заңы [8] және басқа да жекелеген заңдар. Заңға сәйкес нормативтік актілерге мыналар жатады: ҚР Ұлттық банк Басқармасымен

16 шілде 1995 жылы бекітілген Ломбардтар туралы Ереже [9], Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 17 сәуір 2000 жылғы № 35 бұйрығымен бекітілген арестке алынған мүлікті сақтаудың тәртібі мен жағдайлары туралы нұсқау [10], Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тұсындағы кеден комитетінің 6 шілде 1995 жылғы № 125 бұйрығымен [11] бекітілген, Кеден қоймалары туралы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 22 ақпан 2000 жылғы № 273 "Астық пен оны қайта өңдеу өнімдерін элеваторларда қабылдау, сақтау, қайта өңдеу бойынша қызметті лицензиялаудың жекелеген мәселелері туралы" қаулысы [12]. Бұл, сондай-ақ сақтау мәселелері жөніндегі нормативті актілердің түпкілікті тізімі емес.

Сақтау шарты реалды шарт. Бұл ҚР АҚ 768-бабының 2-тармағының мазмұнынан көрінеді. Онда сақтау шарты зат сақталуға берілген кезден бастап жасалған деп танылатындығы, тікелей көрсетілген. Аталған норма мағынасынан туындайтындай, бұл шарттың мәнісі тараптардың еркі бойынша консенсуалды шарт құрылымын қолдануға бейімделмеген. Өйткені алдын ала келісім бойынша жүк берушіні сақтаушымен мәжбүр ету мүмкіндігі ең алдымен егер бұл басқа тұлғалардың мүдделеріне зиян (шарттық немесе шарттық емес) келтірмейтін болса өз мүлкіне билік ету мүмкіндігі болуға тиіс меншік иесі ретіндегі жүк беруші мүдделеріне зиян келтірер еді. Жүк беруші шарттан бас тарту кезінде бұл орын алмайды (орын алмауға тиіс). Өйткені кәсіпкер болып табылмайтын сақтаушы сақтау бойынша қызмет көрсетуден жүйелі негізде пайда табуды жоспарламайды.

Сақтаушы рөлінде кәсіпкер тұрса басқаша болады. Онымен сақтаудың консенсуалды шарты бекітілуі мүмкін (ҚР АҚ 769-б. 1-т). Бұл жағдайда заң шығарушы сақтаушының заңды мүдделерін ескереді.

Кәсіпкермен бекітілетін сақтау шартын консенсуалды сипат қана емес, сондай-ақ оның жариялылығы да ерекшелендіреді (ҚР АҚ 770-бап).

Сақтау шарты жалпы ереже бойынша ақысыз шарт болып табылады, бұл оның келтірілген анықтамасынан айқын көрінеді. Заңнамадан, іскерлік айналым дағдыларынан шарттың ақылылығы байқалған жағдайларда тараптар өзара келісім бойынша ақысыз сақтауды шарттауы мүмкін. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру тәртібінде бекітілген сақтау шарты егер ақысыздық туралы арнайы ескертпе (тараптар келісімі) болмаса, ақылы деп танылады.

Сақтау шартын кейде бір жақты шарт деп атайды, өйткені реалды ақысыз сақтау шартын бекіткеннен кейін міндеттердің негізгі бөлігі сақтаушыға жүктеледі, ал жүк беруші негізінен құқылы субъект ретінде көрінеді. Бірақ мұндай сәттерде де сақтау шартының толықтай біржақты сипаты туралы айтуға болмайды. Ал егер сақтау шартының ақылылығы мен (немесе) консенсуалдығы туралы сөз қозғалса, онда сақтаудың біржақтылығы туралы пікірлер орынсыз болары анық.

1 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлімі) 1-шілде 1999 ж.

2 Брагинский М. И. Договор хранения. - М.: Статут, 2002. 157 б.

3 Шершеневич Г.Ф. Курс торгового права. Т. 2. - М.: Статут, 2003. С. 240.

4 Гражданское право. Учебник. Том II / Под ред. А. П. Сергеева, Ю. К. Толстого. — М.: Проспект, 1997 - С. 605-606.

5 Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 31 тамыз 1995 жылғы Заңы

6 Қазақстан Республикасының «Астық туралы» 19 қаңтар 2001 жылғы Заңы

7 Қазақстан Республикасының кеден кодексі 5 сәуірдегі 2003 ж

8 Қазақстан Республикасының "Есірткі құралдары, психотропты заттар, прекурсорлар мен олардың заңсыз осы заңның атауын тексеру керек айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы әрекет ету шаралары туралы" 10 шілде 1998 жылғы Заңы

9 ҚР Ұлттық банк Басқармасымен 16 шілде 1995 жылы бекітілген Ломбардтар туралы Ереже

10 Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 17 сәуір 2000 жылғы №35 бұйрығымен бекітілген арестке алынған мүлікті сақтаудың тәртібі мен жағдайлары туралы нұсқауы

11 Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тұсындағы кеден комитетінің 6 шілде 1995 жылғы № 125 бұйрығы

12 Кеден қоймалары туралы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 22 ақпан 2000 жылғы

№273 "Астық пен оны қайта өңдеу өнімдерін элеваторларда қабылдау, сақтау, қайта өңдеу бойынша қызметті лицензиялаудың жекелеген мәселелері туралы" қаулысы

#### Резюме

В данной статье рассматривается правовая природа договора хранения и основные вопросы обязательства хранения, связанные с охраной частной собственности.

#### Summary

This article discusses the legal nature of the contract of storage and storage of the main issues obligations related to the protection of private property.

### ЛИЗИНГ ШАРТЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІСІ

**Д.Ж. Белхожаева -**

*«Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу» кафедрасының аға оқытушысы*

Лизинг шарты кезіндегі сипаттама оған қатысушы мәміле тараптары лизинг беруші, лизинг алушы және сатушы болуына қарай лизинг шарты деп классификациялау тән болып табылады. Лизинг мәмілесінде сатушы болмаған жағдайда, сатушының және лизинг берушінің (осы жағдайда сатып алушы болып табылатын) құқықтары мен міндеттері сатып алу-сату шартының жағдайымен анықталады.

Қазақстан Республикасының "Қаржы лизингі туралы" заңының 15-бабына сәйкес лизинг шарты үш жақты болып табылады: лизинг беруші лизинг шарты бойынша лизинг алушымен келісілген лизинг нысанын сатушыдан өз меншігіне сатып алып, оны лизинг алушыға ақыға уақытша иеленуге немесе кәсіпкерлік мақсаттар үшін пайдалануға беруге міндеттенеді [1].

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес лизинг шарты классификациялау бойынша үш жақты, консенсуалды, ақылы болып табылады [2].

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (ерекше бөлім) 567 бабына сәйкес лизинг шартының елеулі талаптары мынадай болады:

- мүлік сатушының атауы;
- лизинг алушыға мүлікті талаптары мен мерзімі;
- төлемдердің мөлшері мен мерзімділігі;
- шарт мерзімі, егер шартта лизинг алушының меншігіне мүліктің көшуі көзделсе, осындай көшудің талаптары.

ҚР "Қаржы лизингі туралы" заңының 15-бабында жоғарыда көрсетіліп өткен елеулі талаптарға қосымша талаптар қамтылған:

- лизинг нысанының құны;
- лизинг нысанының сипаттамасы;
- лизинг нысанын күтіп ұстау мен жөндеу тәртібі;
- лизинг нысанын сақтандыру;
- лизинг берушінің атына лизинг нысанын мемлекеттік тіркеу міндеттерін тараптардың біріне жүктеу;
- лизинг алушының лизинг шарты бойынша лизинг міндеттемелердің орындалуын лизинг берушінің бақылау жасау тәртібі;
- тараптардың жауапкершілігі қамтылған.

Жоғарыда аталып өткен жағдайлар жоқ болған жағдайда лизинг шарты жасалмаған деп танылады. Өйткені заңға сәйкес лизинг шарты міндетті түрде жазбаша нысанда жасалуы тиіс.

Азаматтық құқыққа сәйкес шарт мазмұны мынадай болып табылады: лизинг алушы "Қаржы лизингі туралы" Заңға сәйкес лизинг шарты тараптарына әр түрлі жауапкершілік бар, олар лизинг шартымен, сатып алу - сату шарты және Қазақстан Республикасының заң актілерімен анықталады.

Лизинг беруші, лизинг алушының алдында лизинг нысанын таңдау, сатып алу - сату шартынан туындайтын сатушының міндеттерін орындауы үшін жауапкершілік алмайды.

Сатушының жауапкершілігі мынадай болып табылады: ол лизинг беруші мен сатушының арасында жасалған сатып алу - сату шартын орындау жағдайында лизинг алушының алдында тікелей жауап береді. Бұл жағдайда лизинг алушы, Азаматтық Кодексте көрсетілген сатып алушының құқықтары мен міндеттерін шешеді. Егер сатушы лизинг алушының талаптарымен келіссе, онда лизинг алушыға лизинг нысанын беру жағдайын өзгертуде міндетті түрде лизинг берушімен келісілуі керек.

Лизинг алушы мен лизинг беруші сатушыға қатысты бірлескен беруші болып табылады.

Лизинг беруші сатып алу - сату шартынан туындайтын талаптарды сатушының орындауы үшін жауапты болады.

Лизинг қызметінің басқа шаруашылық жүргізу нысандарымен көптеген ортақ ұқсастықтары бар (аренда, несие беру, сатып алу -сату, кепіл және т.б.). Бұл нысандарды анализдеу мен салыстыру оның ерекше аспектілерін көрсетіп лизинг мәнін тереңірек ұғынуға себебін тигізеді.

Негізінен қарастырсақ бұл лизинг пен аренда категориясының арақатынасы болып табылады. Бұл мәселе туралы көптеген пікірталастар бар. Бірінші көзқарас бойынша мүлік жалдау (аренда) және лизинг арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Олардың негізге алатыны кейбір елдердің лизинг туралы арнайы заңдары жоқ, ал лизинг қызметіне байланысты туындайтын мәселелер аренда туралы құқықтық нормалар шеңберінде шешіледі. Ал Қазақстан Республикасында нарықтық қатынас енді даму шегінде болғандықтан лизингке біз басқа нормаларды қолдана алмаймыз.

Міне сондықтан лизингті басқа да шарттармен салыстыра отыру негізінде қосымша нормативті актілер кешенін дайындау әдет секілді.

Лизинг пен аренда: мүлік жалдау (аренда) және лизинг арасында қағидалы айырмашылық жоқ. Егер аренда топтық ұғым болса, онда лизинг осы топтың жеке түрі болып табылады.

Лизингтің арендадан айырмашылығы лизинг беруші лизинг алушының тапсырмасы бойынша белгілі бір мүлікті тайындаушыдан алуға міндетті болып табылады. Сонымен лизинг бойынша шарттың қатынасы үш субъект қатысады: лизинг беруші, лизинг алушы және лизинг нысанын сатушы.

Қаржы лизингі объектісін құраушы қозғалатын мүліктің барлық түріне жедел амортизациялау механизмі қолданылады. Сонымен қатар лизинг жүйесі амортизациялық төлемдердің негізгі бөлігін төлеуді кейінгі кезеңге қалдырады және бұл төлемдерді төлеу негізінде жабдықтар өкім шығарудың жоғары деңгейіне кетеді деп есептеледі.

Лизинг алушыға мүлік келіп түскен сәттен бастап мүліктің шамасымен қатысы, жеткізу мерзімі және сатушының басқа да міндеттерін орындамаған жағдайда талап қоя бастауға құқылы.

Осының нәтижесінде лизинг алушының алдында мүліктің меншік иесі емес (лизинг беруші), лизинг беруші мен лизинг алушы арасындағы шартқа қатысушы дайындаушы жауап береді.

Лизинг төлемін мерзімінде төлеп отыру жабдықтарды шетінен жіктей отырып сатып алуды білдірмейді, өйткені бұл сатып алу -сату немесе кейінге қалдырып сатып алу болып табылмайды. Бірақ егер шартта немесе заңда көрсетілсе лизинг нысаны лизинг алушының меншігіне төлемі өтелген өту толық мүмкін болып абылады.

Аренда мен қаржы лизингінің ерекше айырмашылығы өндіріске жіберілген және өнімді таратуға байланысты шығындарды ашу мәселесінен көрінеді. Лизинг қызметін жүзеге асыру кезінде тауардың өзіндік құқына аренда объектісінің төлемі қосылады.

Лизинг және прокат. Олардың арасындағы ұқсастық мүлікті ақылы және уақытша иеленуде болып табылады. Ал айырмашылықтары прокат шарты бойынша арендатор арендаға берушідегі мүлікті ақы төлеп уақытша пайдалануға алады және оны дайындаушыдан көрсетіп ала алмауында болып табылады.

ҚР Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 595-бабына сәйкес прокат шарты берілген мүлік тұтыну мақсатында пайдаланады. Ал 596-бап бойынша бұл шарт бір жылдан аспайтын мерзімге жасалады. 599-бап бойынша мүлікті пайдаланғаны үшін төлем ақы, мерзімдік немесе бір жылға енгізілетін, белгілі сомада белгіленген төлемдер түрінде белгіленеді.

Лизинг және несие беру шарты. Егер тікелей несие беруде кәсіпорын мүлігі иеленуде қаржыны пайдаланғаны үшін процент төлесе, лизинг кезіндегі төлемде салық төлемдері төмендетіліп төленеді.

Лизинг мәмілені қаржыландыруды толық қамтамасыз етсе несие беру тек жартылай қамтамасыз

етеді. Лизингтің тікелей несиелемен қамтамасыз етумен салыстырғанда елеулі артықшылығы лизинг мүлкі лизинг беруші меншік иесінің балансында көрсетіле отырып лизинг алушының баланстық жағдайын жақсартуға әсер етуі мүмкін. Ол лизинг берушіге қосымша қарыз қаржысын жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен, алдын-ала белгіленген шартпен жалға алу мерзімінің ағымы бойынша және жалға алушымен келісілген төлемдерден кейін жалға алушының:

1. төменгі баға бойынша жалға алу уақытын созу;
2. жалға берушіге товарды қайтып беру;
3. товарды қалдық баға бойынша сатып алуға мүмкіндігі бар.

Лизингтік қаржыландыру үш бөлімінен тұрады:

- коммерциялық бөлім;  
- әкімшілік бөлім: лизингтік фирма импорт және экспорт бойынша барлық ұйымдық шараларды орындауға міндетті, осыған байланысты ол құрал-сайманның жекеменшік иесі болып табылады.

- өзіндік қаржыландыру, яғни өте жоғары пайызды төменгі сатып алу бағасы бойынша арзан қаржыландыруға түсуі мүмкін, немесе керісінше өте жоғары сатып алу бағасын төменгі пайызды қаржыландырумен байланысты.

Өртүрлі елдерде лизинг шартының нысандары туралы түрлі белгілерге сүйенеді. Мысалы, Бельгияда,

1. мүліктер арендатор арқылы келешектегі арендатордың талабына сай мақсатта алынуы тиіс;
2. мүлік арендатор арқылы тек ғана кәсіби мақсатта пайдалануы тиіс;
3. лизинг мерзімі мүлікті пайдалану мерзімінен аспауы тиіс;
4. келісім шарттың мерзімі ішінде жалға берушінің жалға берілген мүліктің шығынын өтейтін төлемнің көлемі тағайындалады.

5. Шартта жалға алушының келісілген шарт бағасына байланысты лизинг мерзімінің аяқталуына қарай оның жалдап алған мүлікке жекеменшік құқығы қарастырылады [3, 26 б].

Англияда келісім-шарт лизинг болып саналуы үшін:

1. ол эксплуатациялық мүлік мерзімі жетпіс бес пайыздан кем емес құрайтын мерзімге бекітілген болса;  
2. онда келісім шарт мерзімі бойынша мүліктің толық төлем құны көрсетілген болса;  
3. онда лизингтің жеңіл шарттарға қайта құру мүмкіндігі қарастырылаған болса ғана лизингтік шарт болып саналады.

Опционды жалға алушының мүлікті сатып алу туралы біржақты міндеттемесі ретінде қарастыруға болады, ал егерде жалға алушы мүлікті өзіне жекеменшік етіп алғысы келсе, онда біржақты міндеттеме сатып алу шартына ауысады. Басқа елдерде опционды лизинг шартының негізгі бөлігі ретінде қарастырады.

Англияда бұл жағдай тікелей қарама қайшылықты мұнда опцион лизинг келісімінің шарты болмайды. Керісінше, ол жалға алу сату шартына айналып кетеді.

Австрияда төрт белгісі арқылы айырып, келісім шарттың лизинг екендігін анықтайды [4, 27 б]:

1. Келісім шарттың негізі мерзімі мүліктің қызметтің экономикалық мерзіміне қарағанда қырық пайызды құрайды.  
2. Сатып алынған затқа опциондық баға, уақытша опциондық мүліктің бағасымен бірдей болуы керек.  
3. Лизинг келісім шартының мерзімін жаңарту үшін алдын ала төлемдер номинальды болуы керек.  
4. Егерде лизинг шартының заты тек пайдалануға керекті арнайы мүлік болса, онда мұндай мүліктің экономикалық жекеменшік иесі болып пайдаланушы саналады.

Сонымен, қорыта келген, лизинг қатынасы жалға беру шартының бір түрі болып табылады. Лизинг қатынасы алғаш рет ағылшындарда пайда болған түсінік, біздің елімізге нарықтық экономика әкеліп отыр. Лизинг жалға алудың бір түрі ретінде өзіндік ерекшелігі бар: лизинг шартында екі шарт орын алады. Бірінші шарты ол сату сатып алу шарты; Екінші шарты жалдау шарты.

Лизинг шартының құқықтық сипаттамасы төмендегідей:

- бұл шарт көп жақты шарт, өйткені лизинг шартына сатушы, лизинг беруші және лизинг алушы қатысады.
- лизинг шарты ақылы шарт, жалға алғаны үшін ақысын төлейді.
- лизинг шарты консенсуалды шарт, яғни тараптар келісімге келген уақыттан бастап шарт жасалынды деп есептелінеді.
- Лизинг шарты жария шарт болып табылады, яғни барлық тұлғаларға тиесілі.

Лизинг қатынасы Қазақстанда белгілі бір құқықтық негіздермен реттелінеді. Біріншіден, ол Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі, екіншіден, қаржылық лизинг туралы заңмен, үшіншіден, қаржылық лизинг туралы халықаралық конвенциямен реттелінуге жатады.

Лизинг шартының өзіне тән белгілері бар, олар мыналар: мүліктер арендатор арқылы келешектегі арендатордың талабына сай мақсатта алынуы тиіс; мүлік арендатор арқылы тек ғана кәсіби мақсатта пайдалануы тиіс; лизинг мерзімі мүлікті пайдалану мерзімінен аспауы тиіс; келісім шарттың мерзімі ішінде жалға берушінің жалға берілген мүліктің шығынын өтейтін төлемнің көлемі тағайындалады.

Шартта жалға алушының келісілген шарт бағасына байланысты лизинг мерзімінің аяқталуына қарай оның жалдап алған мүлікке жекеменшік құқығы қарастырылады.

1. Қазақстан Республикасының Қаржылық лизинг туралы заңы 05.07.2000 ж.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 01.07.1999 ж.
3. Кабатова Е.В. Лизинг: правовое регулирование, практика. – М., 1998.
4. Васильев Г.И. Лизинг: международный аспект. Деньги и кредит. – М., 1989.

#### Резюме

В данной статье рассматривается понятие договора лизинга, правовая природа и основные черты договора лизинга.

#### Summary

This article explores the concept of the lease agreement, the legal nature and basic features of the lease agreement.

## МҰРАГЕРЛІК ҚҰҚЫҚ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ САЛАСЫ РЕТІНДЕ

А.Қ. Жеделов –

*Каспий қоғамдық университетінің I курс магистранты*

Қазақстанның 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына табысты төрағалығы және ЕҚЫҰ-ның Астана Саммитін өткізудегі таңғажайып жетістіктері арқылы әлем мойындаған бір нәтиже еліміздің ұлтаралық қатынастар саласындағы мол тәжірибесін дүние жүзінде барынша қолдануға болатындығының және қолдану қажеттігінің әлеуметтік, экономикалық және рухани пайдалылығы болса керек. Мемлекетіміздің ЕҚЫҰ сынды айрықша беделді ұйымға төраға болып сайлануының әуелгі себептерінің бірі де осы деп ойлаймыз. 2011 жылы мұсылман мемлекеттері бастамасымен құрылған Ислам Конференциясы ұйымына Қазақстанның төрағалық етуінің жауапкершілігі мен атқарар шаралары ауқымында аса маңызды, құқық қорғау саласындағы мәселелерді реттеудің де келелі міндеттері елдің сыртқы саяси жауапкершілігін саралап отыр. Бұл тұрғыда бүгінгі халықаралық қатынастардың өзекті мәселелері саналатын жаңа қауіп қатерлер салдары әлем елдері қауымдастығын жаңа ұстанымдар мен тың көзқарастарға жетелейтіні сөзсіз.

Халықаралық және отандық құқық қорғау саласын зерттеудің өзектілігін арттыратын факторларға келетін болса, олардың қатарында мыналарды атап өтуге болады: КСРО –ның тұсында қаланған ескі құқықтық негіздің заманауи талапқа сай болмауы; ішкі құқық бұзушылықтардың тиылмауы; құқықтық қатынастардың ішкі және сыртқы факторларының өзгеруі; жаһандану үрдісінің құқықтық жүйедегі салдары, нарықтық экономикаға сәйкес азаматтық-құқықтық қатынастардың өзгерістерге ұшырауы сияқты мәселелер./1/



Осылардың ішінде азаматтық құқық саласы өзекті мәселелердің бірі.

Азаматтық құқық ғылыми сол құқық саласын зерттейтін жүйеге сәйкес келетін жүйені қамтиды, бірақ олар өзара тепетендікте бола қоймайды. Азаматтық ғылым жүйесі азаматтық заңдарда, сонымен қатар азаматтық кодексте жоқ бөлімдерді де қамтиды. Мысалы, азаматтық құқық пәні, азаматтық-құқықтық әдістеме ұғымдары, азаматтық құқық қатынастары туралы ілім тарихы, оның субъектілері мен объектілері туралы, меншік құқығы туралы жалпы ілім, міндеттемелер туралы, интеллектуалдық меншік туралы, мұрагерлік құқық қатынастары туралы жалпы ілім жөнінде айтсақ та жеткілікті.

Ғылым азаматтық құқықтың не екендігін зерттейді. Бұл орайда қоғамдық қатынастарды тиісінше реттейтін құралдар мен әдістерге ерекше мән беріледі. Әдіс туралы ілім ғылымда әдістеме деп аталады./2/

Заңгер үшін азаматтық-құқықтық жағдайлардан жол тауып шыға білуі үшін дағды керек. Мұндай дағдыларға ғылыми талдау жасау және азаматтық-құқықтық жағдайларды шешудің ғылыми әдістері жатады.

Егеменді Қазақстанның азаматтық құқық ғылыми одан әрі творчестволық дами түсуі мақсатында және алда тұрған міндеттерді орындау үшін бүгінде зор мүмкіндіктерге ие.

Азаматтық құқығында мұрагерлік құқық қатынастары үлкен маңызы бар.

Мұрагерлік тікелей өзі белгіленген жағдайларда өзге де заң актілерімен реттеледі. Мұрагерлік өсиет және заң бойынша жүзеге асырылады. Өсиет қалдырылмаған не бүкіл мұраның тағдыры айқындалмаған кезде, сондай-ақ осы Кодексте белгіленген өзге де жағдайларда мұрагерлік заң бойынша орын алады./3/

Мұраның құрамына мұра қалдырушыға тиесілі мүлік, сондай-ақ оның қайтыс болуына байланысты қолданылуы тоқтамайтын құқықтары мен міндеттері кіреді. Мысалы, азаматтық құқықта заң бойынша мүлікке мұрагерлік етуде жақын, сондай – ақ алыс туысқан да есепке алынады. Бүгінгі күнгі мұрагерлердің алты кезектілігі анықталған. Оларға: балалары, ерлі – зайыптылар мен ата – аналарынан басқа (бірінші кезектілік) мұра қалдырушының туыстары, толық туыстары, толық емес туыс (жақын) ағалары мен қарындастары, сондай – ақ оның әкесі жағынан және шешесі жағынан келетін атасы мен әжесі (екінші кезектілік), мұра қалдырушының туған ағасы мен тәтәлері (үшінші кезектілік), мұра қалдырушының алтыншы атасына дейінгі өзге де туыстары (төртінші кезектілік), егер олар мұра қалдырушымен бір ортада кем дегенде он жыл бірге тұрса туыс ағалары мен қарындастары, өгей әкесі мен шешесі (бесінші кезектілік), мұра қалдырушының еңбекке жарамсыз асырауында болғандар (алтыншы кезектілік) жатады. Заң бойынша мұрагерлер кезегі бойынша мұрагерлікке ие болады. Туған ағалары мен қарындастары толық туыс және толық емес туыс болып бөлінеді. Толық туыстар – бір ортақ ата – анадан тарайтын аға – іні, апа – қарындастар. Егер әкесі мен шешесінің біреуі ғана ортақ болса, онда ағасына іні – қарындастары толық емес туыс деп есептеледі. Егер олардың аналары бір, ал әкелері басқа болса, оларды бір кіндіктен тарағандар (яғни, бір анадан туғандар) деп атайды. Егер олардың әкесі бір, шешелері басқа болса, онда оларды қандастар деп атайды. Қазақстанның отбасылық заңнамасы құқықтық жағынан ағасына іні – қарындастарды толық туыс не толық емес туыс деп айырмайды.

Өсиет қалдырушы өсиет бойынша мұрагерге мұра есебінен өсиеттік бас тартуды орындауды талап ету құқығын алатын бір немесе бірнеше адамның пайдасына қандай да болсын міндеттемені орындауды жүктеуге құқылы.

Өсиеттік бас тартудың нысанасы мұраның, иеленудің құрамына кіретін заттарды бас тартылушының меншігіне, пайдалануына немесе өзге заттық құқықта беру және оған мұра құрамына кірмейтін мүлікті беру, ол үшін белгілі құқықта беру және оған мұра құрамына кірмейтін мүлікті беру, ол үшін белгілі бір жұмысты орындау, оған белгілі қызмет көрсету және т.б. болуы мүмкін./4/

1. *Основные институты гражданского права зарубежных стран: сравнительно-правовое исследование /Под ред. Залесского В.В. – М.: Норма, 2000.- 648 с*
2. *Жайлин Г.А. Гражданское право РК. – Алматы, 2006. – 9 б.*
3. *Барцевский М.Ю. Наследственное право. - М., 1997г*
4. *ҚР Азаматтық Кодексі (Ерекше бөлім). 2004.*

Түйін

Бұл мақалада мұрагерлік құқықтық тәртіптің Қазақстанда заманауи дамуы және шетел

мемлекеттерінің құқықтық қатынастары туралы салыстырмалар қарастырылған.

#### Summary

In this article refers to the development of the modern disciplines of the succession law of Kazakhstan and the comparison relations in foreign countries.

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИСТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

**Б.С. Бертаева -**

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Магистратура және PhD докторантура  
институтының 2-курс магистранты*

Елімізде туристік құқықтық қатынастар күннен-күнге өркендеп, елімізде «Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» жүзеге асырылу үстінде. Қазіргі таңдағы туристік қатынастардың ерекшеліктеріне тоқталмастан бұрын біз алдымен еліміздегі туристік қатынастардың даму тарихына шолу жасауды ұйғардық. Қазақстанда туризмнің дамуы ерекше болып келеді және бірнеше кезеңнен тұрады. Ежелгі туризм, революцияға дейінгі туризм, революциядан кейінгі туризм, Кеңес Одағы кезіндегі туризм, егеменді Қазақстандағы туризм. Әрбір кезеңде өзіне тән өзгешеліктер бар. Ежелгі туризмнің сипатында керуендер, сарайлар, күзетшілер, аудармашылар сияқты ерекшеліктер бар. Сауданың дамуы халықтар мен мемлекеттер арасындағы экономикалық, мәдени, т.б. қатынастарды нығайтты, жолға қойды, басқа мемлекеттер мен халықтар, олардың тілі, діні, салт-санасы, олар мекен еткен жерлердің табиғаты туралы мәліметтер жинауымен негізделеді. Сауда қатнастарының ең айқын айғағы, тарихтағы белгілі, Ұлы Жібек жолының болуы. Осы жол арқылы Шығыс пен Батысты, Азия мен Еуропа халықтары арасындағы байланыстар қалыптасып дами бастады. Әр түрлі тауарлар тасыған керуендер құрамында 10 мыңға жететін аттар мен түйелер болған. Тауарлардың ішіндегі ең бағалысы әрі ең қымбаты жібек матасы болған. Ол матадан Рим, Византия, Батыс Еуропа, Иран және Араб феодалдары мен атқамінерлері киім киген [2, 8 б.].

Революцияға дейінгі туризмнің тарихы Ресей империясымен тығыз байланысты. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін туристік қызметті реттеу мен халықтың тарихы мен мәдени мұрасын қайта өркендету үшін негіз қаланды. Алғашқыда туристік қатынастар «Туризм туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 3 шілдедегі №1508-XII Заңымен реттелген болатын. Сонымен қатар, осы саланың дамуы Қазақстан Республикасының Президентінің «Түркі тілдес мемлекеттер басшыларының Ташкент декларациясын іске асыру туралы» 1997жылғы 30 сәуірдегі №3476, «Ұлы Жібек жолының жобасының Қазақстан Республикасындағы туристік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі ЮНЕСКО және Дүниежүзілік Туристік Ұйымының жобасы туралы» 1998 жылғы 27 ақпандағы №3859 Жарлықтарымен қамтамасыз етілді. Осы құжаттарды қабылдау туризмнің қазақстандық рыногын дамытуға оң әсер етті [3, 25 б.].

1993 жылы Қазақстан Дүниежүзілік туризм ұйымына мүше болды. Осы жылы туризм индустриясын дамытуға арналған ұлттық бағдарлама қабылданды. 2001 жылы 13 маусымда “Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы” заң қабылданды. Онда республикадағы туристік саланы дамытудың бірінші кезектегі шаралары, туристік қызметті лицензиялау, т.б. мәселелер тұжырымдалды. Сонымен қатар, қазіргі кезде туристік құқықтық қатынастар келесідей нормативтік құқықтық актілермен реттеледі: Туроператорлық, турагенттік қызметті, туризм нұсқаушысы көрсететін қызметті лицензиялау ережесін және оларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 маусымдағы № 481 Қаулысы; Реттелмелі туризм мен рекреацияны жүзеге асыру үшін мемлекеттік ұлттық табиғи парктер аумағындағы жер учаскелерін жалға беру ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 қарашадағы № 1063 Қаулысы (2009.30.12. өзгерістер енгізілген); Туристік қызмет көрсету ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 қазандағы № 958 Қаулысы; Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 ақпандағы № 156 Қаулысы (2009.27.01. өзгерістер мен толықтыруларымен); Қазақстан Республикасы

Туризм және спорт министрлігінің 2010-2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 2340 Қаулысы (2010.14.06. өзгерістер мен толықтырулармен); Туристік қызмет көрсетудің үлгі шартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 қазандағы № 957 Қаулысы және т.б.

Қазақстанда туризмнің барлық түрлері (танымдық, ойын-сауық, этнографиялық, экологиялық, денсаулық сауықтыру, балалар, спорттық, аң аулау, балық аулау, атпен серуендеу), т.б. бойынша жүргізіледі. Бұл үшін Қазақстан аумағы бойынша 700-ден астам саяхаттық маршруттар белгіленген. Оларға Қазақстанда жиынтық сыйымдылығы 33 мың орынды 372 әр түрлі категориялы қонақ үйлер қызмет көрсетеді. Мысалы, Алматы қаласында қонақтарға “Алатау”, “Қазақстан”, “Достық”, “Есік”, “Отырар”, “Астана”, “Анкара”, “Hyatt Regency Almaty”, “Интурист”, т.б. қонақ үйлер сервистік қызмет көрсетеді. Астанада 30 туристік фирма және 25 қонақ үй орналасқан. Олардың ірілері: “Окан — Интерконтиненталь Астана”, “Комформ — Отель Астана”, “Турист”, “Есік”, “Жібек жолы”, “Алтын дала”, т.б. Туризм мамандары Туризм және спорт академиясында, Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде, Алматы мемлекеттік университетінде, Қазақ Ұлттық университетінде, “Тұран” университетінде, т.б. жоғары оқу орындарында дайындалады. Қазақстанға келушілер мен елімізден сыртқа шығушылар саны жылдан жылға артып келеді, 2005 жылы елімізден алыс және жақын шет елдерге шығушылардың жалпы саны 2 974 869 болса, 2009 жылы 6 413 943-ке жетті. Сәйкесінше, елімізге сырттан келушілер саны 2005 жылы 5 990 691 болса, 2009 жылы 8 689 571-ге жеткен [1, 24 б.].

Қазақстандағы туристік ресурстарға — туристік қызмет көрсету нысандарын қамтитын табиғи-климаттық, тарихи, әлеум.-мәдени, сауықтыру нысандары, сондай-ақ туристердің рухани қажеттерін қанағаттандыра алатын, олардың күш-жігерін қалпына келтіріп сергітуге жәрдемдесетін өзге де нысандар жатады. Олар мәдени-танымдық, экологиялық, спорттық, әлеуметтік, діни, т.б. туризм түрлеріне бөлінеді. Қазақстандағы туристік нысандар табиғи-рекреациялық, тарихи-археологиялық, тәуеп ету, т.б. топтарға бөлінеді.

Еліміздегі табиғи-рекреациялық нысандарға Солтүстік Қазақстан аймағындағы Көкшетау, Бурабай, Баянауыл, Ерейментау, Шығыс Қазақстан аумағындағы Зайсан, Марқакөл, қазақстандық Алтай, Оңтүстік Қазақстан жеріндегі Батыс, Солтүстік Тянь-Шань, Алтынемел таулары, Жетісу алабы, Батыс Қазақстандағы Үстірт, Мұғалжар, Каспий ойысы, Жайық өңірі, Орталық Қазақстандағы Қарқаралы, Қызыларай, Бектауата, Ұлытау, т.б. табиғи нысандар жатады. Сонымен бірге Алматы облысындағы ұлттық саябақтар мен қорықтардың туризмді дамытуда маңызы зор. Оларға Іле-Алатауы ұлттық саябағы, Түрген-Шамалған өзендері аралығындағы шатқалдар, Түрген, Есік, Талғар, Алматы, Қаскелең, Шамалған елді мекендері жатады. Алтынемел, Көкшетау, Бурабай ұлттық саябақтарында туризмді дамыту мемлекет тарапынан қолдау тауып, дамып келеді. Қазақстан аумағындағы 9 мемлекеттік қорықта да ғылыми-экологиялық туризмді дамытудың алғы шарттары қалыптасқан.

Тарихи-археологиялық ескерткіштердің туристік-экскурсиялық сапарлардағы орны ерекше. Археологиялық ескерткіштердің кез-келген нысандары туристік-экскурсия жұмыстарында маңызды орын алады. Соның ішінде Жетісудағы Сақ қорғандары, Талхиз қалашығы, Оңтүстік Қазақстандағы Отырар, Сайрам, Батыс Қазақстандағы Сарайшық, т.б. көне қалалардың орнына туристердің қызығушылығы мол. Археологиялық-тарихи ескерткіштердің қазірге дейін жеткен нысандарының ішінде қорғандар мен мазарлардың маңызы зор. Қола дәуір ескерткіштеріне жартастағы петроглифтерді атауға болады. Оларға әйгілі бірегей ғибадатханалар: Аңырақай тауының Таңбалы сайындағы, Көксу өзеніндегі Ешкіөлмес ғибадатханасы, сондай-ақ Шолақ, Кіндіктас, Баянжүрек тауларындағы тастағы суреттер жатады. Біздің дәуірімізге дейінгі 6-3 ғасырдан қалған сақ қорғандары, Бесшатыр қорымындағы жерлеу камерасы және сақ әскері киімін киген “Алтын адам”, 2001 — 2002 жылдары Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданының Бергіел (Берел) қорғанында табылған “Сақ патшайымы” археологиялық туристік нысандарға жатады. Ортағасырлық Түркістан, Отырар, Тұрбай, Құлан, Мерке, Талхиз, Жаркент қалалары, т.б. елді мекендер қазіргі туристік нысандар болып табылады. Түркістан — қазақ хандығының алғашқы астанасы. Онда Қожа Ахмет Иассауи кесенесі салынған, кесене іші мен айналасына қазақ мемлекетінің негізін қалаған Тәуке, Тәуекел, Жәңгір, Есім, Абылай, Қазыбек би жерленген. Қазақстандағы Отырар, Сарайшық, Сайрам, т.б. ортағасырлық көне қалалар туристер үшін тартымды нысандар.

Тәуеп ету (діни) туризм нысандары республика аумағында көптеп кездеседі. Оларға түркі

әлеміндегі қасиетті Түркістан қаласы., Қожа Ахмет Иасауи кесенесі, Абаб-Араб мешіті, Гауһар-ана зираты, Әли-Қожа бейіті, т.б. жатады. Адамдар бұл қасиетті жерлерге тәуеп етіп, Аллаға сиыну үшін келеді. Одан басқа Қоғам ауылы маңында (Отырар ауданы) Арыстан баб кесенесі, Ибраһим-ата бейіті, Қарашаш ана кесенесі, Тұраба ауылында — Ысмайыл-ата мазары орналасқан. Жамбыл облысында — Айша бибі кесенесі мен Қарахан кесенесі, Қызылорда облысында — Артық, Айтман кесенелері, Балқаш қаласы маңында — Тектау ата, Әуез бақсы, т.б. киелі орындар бар.

Қазақ халқының азаттық күресі жолындағы батырларға, қолбасшыларға деген құрмет белгісі мемориалдар мен ескерткіштерде көрсетілді. Бұларға Райымбек пен Қарасай батыр ескерткіштері (Алматы облысы) Қордайдағы (Жамбыл облысы) Өтеген батыр, Ақтөбедегі Есет батыр, Солтүстік Қазақстандағы Ағынтай мен Қарасай ескерткіштері, Астанадағы Қаракерей Қабанбай ескерткіштері, т.б. жатады. Ордабасы мен Аңырақай сағасының жазығы, Ұлытаудағы үш жүздің басын қосқан жер, тарихи орындар ретінде Жошы және Алаша хан кесенелері, Алматыдағы тәуелсіздік монументі, Астанадағы үш би ескерткіштері қастерлі орындар санатында туристік нысандарға қосылады. Қазақ тарихындағы құнды мәдени ескерткіштер қатарына: Қозы Көрпеш — Баян сұлу, Еңлік-Кебек кесенелері, Ш.Уәлиханов, Қ.Мұңайтпасұлы мемориалдары, Сұлтан Бейбарыс, Құрманғазы және Д.Нұрпейісова, Абай, Абылайхан, Әлия мен Мәншүк, А.Иманов, І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, М.Әуезов, т.б. көптеген естелік орындар жатады.

Республиканың әсем де әдемі жерлерінде бірнеше туристік базалар орналасқан. Оларға Іле Алатауындағы “Шымбұлақ” шаңғы базасы, Павлодар облысы Жасыбай көлі жағасындағы “Баянауыл”, Қарағанды облысындағы таулы-орманды “Қарқаралы”, Шығыс Қазақстан облысындағы Бұқтырма бөгені жағасындағы “Алтай мүйісі”, Орал қалысы Жайық өзені маңындағы “Орал”, Қостанай облысындағы орманды-тоғайлы Наурызым алқабы, Оңтүстік Қазақстан облысы Бадам жазығындағы “Оңтүстік”, Көкшетау таулы аймағындағы “Золотой бор” базалары жатады. Қазақстанда белгілі туристік маңызы бар зоологиялық, ботаникалық қорықтар да жеткілікті. Оларға Алматы қорығы (кешенді), Іле атырауы (зоологиялық), Тарбағатай (зоологиялық), Жалтыркөл (зоологиялық), Ұлытау (зоологиялық), Бетпақдала (зоологиялық), Қаракия-Қаракөл (зоологиялық), Зеренді (зоологиялық) қорықшалары, Шарын каньоны (ландшафты — палеонтологиялық) және Шарын өзеніндегі “Шетен тоғайы” (ботаникалық), Күміс қылқанды орман (ботаникалық), Жаманшық тауы (геоморфологиялық), Айғайқұм, Әншікұм (геоморфологиялық), Жаңғақ тоғайы (ботаникалық), Бүркіттау шоқысы және Тұма бастаулар (гидрологиялық), т.б.

Қазақстан туризмінің бағдарламасының басты мақсаты-Жібек жолының қазақстандық бөлігіндегі еліміздің әлеуметтік-экономикалық, халықаралық және жалпы ұлттық рөлін қайта жандандыру болып табылады. Осы қойылған мақсаттың өз нәтижесіне жетуі нысандардың археологиялық, архитектуралық және қала салу өнері тұрғысынан зерттелуіне, Жібек жолының тарихи-мәдени мұра ретінде мәліметтер қорының жасауына байланысты. Қазақстан алғашқы шетелдік туристі 1956 жылы қабылдаған болатын. Сол жылы біздің елге бұдан басқа 26 адам келген. Әлемдік туристік ұйымның деректеріне қарағанда, туристер ең көп болатын бірінші орындағы ел- Франция, онда 61, 5 млн адам болған, бұл 1995 жылға қарағанда 2, 3% -көп. Екінші орында АҚШ (44, 7 млн., 3, 2%), үшінші орында Испания (41,4 млн., 5, 3 %). Америкалықтар дегенмен де кез келген мекемеден ақшаны ептілікпен ала алатындығын дәлелдеді[4, 36б.].

Қазіргі кезде туристік саланы дамытуда мемлекеттің ұстанып отырған саясатының маңызды міндеттерінің бірі-келу және ішкі туризмді дамыту. Агенттіктің бастамасымен бұл мақсатта Қазақстан Республикасы Үкіметінің үш рет отырысы, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы туризмді дамыту мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесінің екі отырысы болды. Қазақстанда туризмді дамытудың маңызды қырларының бірі-республика азаматтарының демалу құқығын іске асырудың негізі-әлеуметтік туризмді, соның ішінде балалар туризмін дамытуға әлеуметтік қызмет көрсетулер рынокты дамытудың басты факторы болып табылады.

Қазақстанда шетелге шыққысы келетіндердің саны жыл сайын артуда. Қазақстандағы қазіргі туризмде саяхаттардың мақсаттарын кешендендіру, яғни белсенді туризмге туризмнің басқа түрлерін сабақтандыру байқалады. Біздің кейбір туристік ұйымдар инфрақұрылымдарының онша дамымағандығына қарамастан, кешенді қызмет көрсететін жағдайға жетті, бұл кешенді қызметке, туристік-экскурсиялық қызмет көрсетуіне қонақ үй, қызметі, тамақтану, бөлшек сауда мекемелері,

маршруттық көліктер, экскурсиялық, спорттық мәдени-көркем, коммуналдық-тұрмыстық және т.б. мекемелер мен өнеркәсіптер кіреді. Туристік құқықтық қатынастардың өркендеуіне кедендік қатынастардың реттелуі және Қазақстанның ТМД, әсіресе Ресеймен, басқа да экономикалық байланыстарының жетілмеуі кедергі жасап отыр.

1. *Қазақстан туризмі 2005-2009. Статистикалық жинақ.* - Астана, 2010.
2. *Аидашева.А Қазақстандағы және халықаралық туризмнің тарихы.* - Алматы, 2010.
3. *Қазақ энциклопедиясы.* - Алматы, 2000, 5 том.
4. *Тұрлыханов Д. Туризм –тұрақты даму кепілі. Астана ақшамы 26.09.2002, №127.*
5. *Талипова Р. Туризм индустриясының рөлі мен маңызы. География және табиғат, 2005, №3*

#### Резюме

В статье рассматриваются особенности истории туристической отрасли Казахстана и перспективы его развития.

#### Summary

In this article the author considers peculiarity history of tourism in Kazakhstan and prospects of its development.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Д.О. Жарықбасов -**

*Экономика және құқық академиясының магистранты*

Экологияның жағдайының күннен күнге төмендеуі тек жекелеген елдерде ғана емес жалпы дүние жүзінде үлкен алаңдаушылық тудырып отыр, сол себептен көптеген мемлекеттерде қоршаған ортаны қорғау бойынша заңнама жетілдіріліп, табиғат пайдаланушылардың жауапкершілігін арттыра түсуде. Мемлекеттің экономикасының дамуы тікелей экология заңдылықтарына бағынышты екендігі ұзақ уақыт мойындалмай келді. Бірақ, соңғы он жылдықтарда экологияның бұзылуының айқын көрініс беруі нәтижесінде қоршаған ортаның жағдайын жақсарту қажеттілігі айқын сезіле бастады. Қоршаған ортаны әртүрлі табиғи шикізат өндіруші компаниялардың ластау деңгейі арта түсуіне байланысты осы саладағы заңнаманың сапасын арттыра түсу қажеттілігі күннен күнге артып келеді. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдарында экологиялық заңнаманы жетілдіру бағытында үлкен жетістіктерге қол жеткізе алды деуге болады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы экологиялық заңдар мен заң актілерін Ә.Стамқұлұлы сегіз топқа бөліп қарастырған болатын, олар: 1) табиғат объектілерін пайдалану, иемдену, оның сапасын арттыру, қорғау туралы кешенді заңдар; 2) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің экология саласындағы қаулылары; 3) Қазақстан Республикасының Президентінің жарлықтары; 4) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің табиғат объектілерін қорғауды және пайдалануды басқару жүйесіндегі қаулылары; 5) Жергілікті өкілетті органдардың табиғи ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы қаулылары; 6) Қазақстан Республикасы министрліктері мен мемлекеттік комиттерінің өз құзыретінде қабылдаған қаулылары мен шешімдері; 7) Экологиялық қатынастарды ішінара реттейтін Қазақстан Республикасының басқа заңдары; 8) Қоғамдық ұйымдардың экологиялық ережелері мен шешімдері [5, 30 б.].

Қазіргі Қазақстанның экологиялық заңнамасы келесідей нормативтік актілерден тұрады: 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы, Азаматтық, Бюджеттік, Салық, Қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстері;

2) қоршаған ортаны қорғауға, табиғи қорларды пайдалану мен басқаруға қатысты заңдар: экологиялық, орман, су, жер кодекстері, «Айрықша қорғалатын табиғи аумақтар туралы», «Жануарлар әлемін қорғау, көбейту және пайдалану туралы» заңдары;

3) жоғары аталған нормативтік актілерді жүзеге асыру үшін қабылданған ҚР Үкіметінің қаулылары, министрліктер мен ведомствалардың құқықтық актілері, соның ішінде, 17 шілде 2001 жылғы № 970 «Қатон-Қарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркін құру туралы»; 3 қараша 2004 жылғы N 1137 «халықаралық және республикасыз мәнге ие балық шаруашылығы су көздерінің (аумақтарының) тізімін бекіту туралы»; 28 қыркүйек 2006 жылғы № 932 «республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерінің тізімін бекіту туралы»; 31 қазан 2006 жылғы № 1034 «сирек кездесетін және жойылып кетудің алдында тұрған жануарлар мен өсімдіктердің тізімін бекіту туралы»; 10 қараша 2006 жылғы № 1074 «республикалық маңызы бар айрықша қорғалатын табиғи аумақтардың тізімін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің қаулылары; 4 тамыз 1976 жылғы № 365 «Марқакөл мемлекеттік қорығын құру туралы» Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысы;

4) ҚР Президентінің Жарлықтарымен, ҚР Үкіметінің және табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласында қызмет ету бағыттарын айқындаушы жергілікті атқару органдарының шешімдерімен бекітілген тұжырымдамалар, стратегиялар, салалық және аймақтық бағдарламалар, әрекет ету жоспарлары [7, 1 б.].

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негіздері Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 30 сәуірдегі өкімімен мақұлданған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасына енгізіліп, онда өтпелі кезеңнің экологиялық басымдықтары, атап айтқанда, жекешелендірудің экологиялық проблемалары, табиғат қорғау заңнамасының, мемлекеттік бақылау және сараптаманың, табиғат пайдаланудың экономикалық тетіктерінің, қоршаған орта мониторингінің жүйесін құру қажеттілігінің мәселелері қарастырылған болатын.

Ұлттық экономиканың барлық салаларын реформалау табиғи ресурстарды пайдалануға көзқарастардың өзгеруіне, қоршаған ортаны сақтауды ескере отырып, әлеуметтік-экономикалық дамуды жүзеге асыруға негіз болды.

Аталған Тұжырымдаманы қабылдаған сәттен бастап Қазақстан Республикасында қоғамдық дамуда елеулі өзгерістер болды. Мемлекет дамуының стратегиялық құжаттары әзірленді, табиғат қорғау заңнамасының негізі құрылды, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша бірқатар халықаралық конвенцияларға қол қойылды, табиғат қорғау қызметін басқару жүйесі құрылды.

Мысалы, 1997 жылы "Қоршаған ортаны қорғау туралы", "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Экологиялық сараптама туралы", 1998 жылы - "Радиациялық қауіпсіздік туралы" Заңдар, ал 2002 жылы - "Атмосфералық ауаны қорғау туралы" Заң қабылданды. Табиғатты ұтымды пайдалану саласында Президенттің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" (1996 жыл) және "Мұнай туралы" (1995 жыл) заң күші бар Жарлықтары, 2003 жылы - Орман, Су және Жер кодекстері қабылданды. Заңға тәуелді қажетті нормативтік құқықтық актілердің көпшілігі әзірленіп, бекітілді.

Заңнаманы жетілдіру мақсатында республикада оны дамыған елдердің заңнамасына жақындатуға және халықаралық стандарттарды енгізу бағыты алынды. Қазақстан Республикасы 19 халықаралық конвенцияға қол қойды және оларды іске асыру жөніндегі іс-қимылды ұлттық жоспарлары әзірледі. Экологиялық сараптау жүйесі, рұқсат ету және бақылау-инспекциялық жұмыс жолға қойылды.

Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасына сәйкес, экологиялық қауіпсіздіктің негізгі міндеттері: климаттың өзгеруі мен Жердің озон қабатының бұзылуына душар ететін антропогендік әсерді азайту; биоәртүрлілікті сақтау және жердің шөлейттенуі мен тозуының алдын алу; экологиялық апат аймақтарын, әскери-ғарыш полигондары мен сынақ кешендерін оңалту; Каспий теңізі қайраңының ластануының алдын алу; су ресурстарының тозуының және ластануының алдын алу; табиғи ластануларды, әуе бассейнінің ластануын, радиоактивті, бактериологиялық және химиялық, оның ішінде трансшекаралық ластануларды жою және олардың алдын алу; өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың жинақталу көлемдерін қысқарту; табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу [1, 3 б.].

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы қаңтардың 9-ы күні қабылданған Экологиялық кодексінің 5 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының негізгі принциптері мыналар:

- 1) Қазақстан Республикасының орнықты дамуын қамтамасыз ету;
- 2) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

- 3) экологиялық қатынастарды реттеу кезіндегі экожүйелі көзқарас;
- 4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару;
- 5) қоршаған ортаны ластаудың және оған кез келген басқа түрде залал келтіруді болдырмау жөнінде алдын алу шараларының міндеттілігі;
- 6) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылықтан бұлтартпау;
- 7) қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу міндеттілігі;
- 8) қоршаған ортаға әсер етудің ақылы болу және оған рұқсат алу тәртібі;
- 9) табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде неғұрлым экологиялық таза және ресурс үнемдеуші технологияларды қолдану;
- 10) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің өзара әрекеттестігі, үйлесімділігі мен жариялылығы;
- 11) табиғат пайдаланушыларды қоршаған ортаны ластауды болдырмауға, азайтуға және оны жоюға, қалдықтарды кемітуге ынталандыру;
- 12) экологиялық ақпараттың қолжетімділігі;
- 13) табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету;
- 14) Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының халықаралық құқық принциптерімен және нормаларымен үйлесуі;
- 15) жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіптілігі презумпциясы және оны жүзеге асыру туралы шешімдер қабылдаған кезде қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерін бағалау міндеттілігі [4, 14 б.].

2 қыркүйек 2010 жылы Үкімет 2010-2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» салалық бағдарламасын мақұлдады [2, 1 б.]. 2010-2014 жылдарға арналған бұл бағдарламаға 350 млрд. теңге жұмсалмақ. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін \$1млрд -тан аса бюджеттен тыс инвестиция қарастырылған. Бұл орайда бірінші мәселе - халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету. Яғни су қоймалары және жер асты сулары тазартылмақ. Ал табиғи экожүйені сақтау мақсатында Семейдегі бұрынғы сынақ аумағының 80 пайызын халық шарушалығына жарату жоспарлануда. Бұған қоса “Капустин яр” және “Азғыр” полигондарынан зардап шеккендер үшін сауықтыру шарары мен әлеуметтік көмек көрсету қарастырылған. Жалпы бағдарламаны іске асыру нәтижесінде алдағы 4 жылдың ішінде ауадағы зиянды заттардың мөлшерін 6 пайызға азайту, қалдықтарды қайта өңдеу өндірісін жолға қою, киіктердің санын көбейтіп, жасыл желек көлемін жылына 65 мың гектарға дейін ұлғайту көзделіп отыр.

Д.Л. Байдельдинов Қазақстанның экологиялық заңнамасының даму тарихын төрт кезеңге бөліп қарастырады: бірінші кезең 1922-1957 жылдардың аралығында басталды. Осы кезеңде Қазақ КСР аумағында табиғат ресурстары қатынастарын реттейтін жекелеген нормативтік актілер қабылданды. Екінші кезең 1958-1981 жылдар аралығы, Бұл кезең экологиялық заңнаманың мейлінше серпінді дамуымен, заңның ресурстық салаларын жүйелеу және оларды қисындау процестерімен сипатталады. Үшінші кезең кезінде бұрынғы Кеңестер Одағының күйреуі мен Қазақстан Республикасының егемендік және тәуелсіздік алу процесі болды. Экологиялық заңнаманың дамуының төртінші кезеңі 1995 жылғы 30 тамыздан басталды және қазіргі уақытқа дейін жалғасып келеді [6, 39 б.].

БҰҰ-ның Қазақстандағы экологиялық қызметтің нәтижелілігі туралы екінші шолуында Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау саласында қол жеткізілген жетістіктері жоғары бағаланады, бірақ, сарапшылар тарапынан ұсыныстар да айтылады. Сол ұсыныстардың кейбіріне тоқталсақ, институттар әлеуетін жеткіліксіз сезініп отыр, реттеуші талаптар әрқашан айқын және шынайы бола бермейді. Сәйкестілікті қамтамасыз ету үшін қолданылатын «тексеру және жазалау» стратегиясы айтарлықтай өзгере қоймады, ал онымен байланысты жұмыс әдістері тек аздап қана жетілдірілді. Ал азаматтық, әкімшілік және қылмыстық заң қолдану жүйесі сол баяғысынша, сәйкестілікті қамтамасыз ету әрекетін жақсартуға емес, санкциялар қолдануға негізделіп қалуда. Заң қолданудағы әділеттілік, тең қараушылық және ашықтық мәселелері ойдағыдай емес [8, 62 б.].

Біздің пікірімізше, қазіргі таңда еліміздің экологиялық заңнамасы дамудың төртінші кезеңіне өтті,

олай дейтін себебіміз, елдегі билік экологиялық заңнаманы жаңаша бағытта жетілдіруді қолға алды. 2011 жылдың 10 ақпан күні Мәжілісте «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының таныстырылымы өтті. Отырыста заң жобасының мақсаты жөнінде ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрі Нұрғали Әшімов баяндама жасады. Әзірленген заң жобасы келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

- 1) экологиялық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті күшейту,
- 2) нарықтық тетіктерді енгізу жолымен парниктік газдар шығарындыларын төмендету;
- 3) қалдықтардың жинақталу көлемін азайту.

Аталған мақсаттар үшін Заң жобасы Қылмыстық кодекске, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекске, Экологиялық кодекске, Салық және Бюджет кодекстеріне, Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы және басқа да заңдарға түзетулер енгізеді [3, 1 б.]. Енді елімізде экологиялық заңнаманы сақтамағандар үшін мемлекет жазаның көлемін ауырлатып, кәсіпорындарды қалдық көлемін азайтуға ынталандыруды қолға алуды көздеп отыр. Бұл өз кезегінде мемлекеттегі биліктің қоршаған ортаны қорғау мәселесінде жаңа жетістіктерге қол жеткізу мүмкіндігінің артып отырғандығынан хабар береді.

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы N 1241 Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы

2. 3 қыркүйек 2010. «Қазіргі таңда Қазақстандағы экологиялық жағдай...» [www.inform.kz/kaz/article/2300306](http://www.inform.kz/kaz/article/2300306) -

3. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексін және заң жобасының... [www.parlam.kz/a/mazhilis/news-details/.../1/1](http://www.parlam.kz/a/mazhilis/news-details/.../1/1) -

4. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. 9 қаңтар 2007 жыл № 212-III ҚРЗ

5. Ә.Стамқұлұлы. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. - Алматы, Жеті Жарғы, 1995.

6. Д.Л.Байділдинов. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. - Алматы, Интерлигал, 2005.

7. Описание Экологического законодательства РК [www.altai-sayan.kz/.../opisanie-zakonodatelstva/](http://www.altai-sayan.kz/.../opisanie-zakonodatelstva/) -

8. Экологиялық қызметтің нәтижелілігі туралы екінші шолу. Қазақстан. БҰҰ. Нью-Йорк, 2008.

#### Резюме

В данной статье автор рассматривает особенности истории развития экологического законодательства Республики Казахстан.

#### Summary

In this article the author considers particularity development history of ecological legislation Republic of Kazakhstan.

## ПОНЯТИЕ И ЗНАЧЕНИЕ ПРАВА ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ В СОВРЕМЕННЫХ ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЯХ

**Р. Абдрахманов -**

*старший преподаватель кафедры «Гражданского права и гражданского процесса»  
КазНПУ имени Абая*

Земля в качестве пространства, территории играет исключительную роль в судьбе народов и государств. Земля рассматривается в качестве важнейшего природного ресурса, объекта окружающей природной среды, основным компонентом и элементом в системе экологических взаимосвязей. В



условиях рыночной экономики земля признана также и объектом недвижимости, гражданского оборота земель. В этой связи в регулировании земельных отношений существенную роль призваны сыграть институты права собственности и права землепользования, в том числе с участием иностранных юридических лиц. Интересы обеспечения экологической и экономической безопасности, необходимость публичного и частного интересов в земельных правоотношениях с участием иностранных субъектов предопределяет необходимость всестороннего исследования правовых институтов, регулирующих общественные отношения с участием иностранных физических и юридических лиц. Сердцевиной, основой земельных отношений выступает институт права собственности на землю. Собственность на землю определяет основу и сущность земельных отношений, отражает процесс и способы потребления земельных ресурсов. Право собственности является юридической категорией, производной от экономических отношений собственности. Право собственности, согласно гражданскому законодательству, есть признаваемое и охраняемое законодательными актами право субъекта по своему усмотрению владеть, пользоваться и распоряжаться принадлежащим ему имуществом (статья 188 ГК РК). В гражданском и земельном законодательстве право собственности на землю трактуется как основополагающее вещное право, от которой, так или иначе, производна вся система иных вещных прав на землю. Право землепользования выступает одним из способов, форм реализации права собственности.

Казахстан является одной из самых богатых земельными ресурсами стран мира. По земельной площади наша страна занимает 9 место в мире, площадь ее территории составляет 271287 тыс. га земель. Социально-экономическое развитие страны напрямую зависит от продуманности и эффективности земельной политики страны, от качества и эффективности использования земельных ресурсов. Поэтому в нашей стране особое внимание уделяется регулированию земельного вопроса, обеспечению земельного правопорядка.

Переход к рыночной экономике, вовлечение земель в рыночный оборот привели к расширению перечня и качественному изменению состава субъектов земельных правоотношений, прежде всего, субъектов правоотношений собственности и землепользования. Иностранные инвестиции стали важнейшим фактором развития современной экономики Казахстана. Предпринимаются меры по улучшению общего инвестиционного климата. Последовательно совершенствуется законодательная база государственной поддержки инвестиций. Данный фактор оказывает свое воздействие и на содержание, цели и задачи земельных отношений. Политико-правовые, экономические принципы земельной политики независимого Казахстана заложены Конституцией РК 1995 г. Более подробная регламентация всех сторон и аспектов регулирования земельных отношений предусмотрена в Земельном Кодексе Республики Казахстан (далее - ЗК РК), принятый 20 июня 2003 г. и других соответствующих земельно-правовых актах.

Земельное законодательство Казахстана наряду с гражданами и национальными юридическими лицами признало субъектами земельных правоотношений иностранных граждан и юридических лиц. ЗК РК под иностранными землепользователями понимает граждан иностранных государств, лиц без гражданства, юридических лиц, созданных в соответствии с законодательством иностранных государств (иностранные юридические лица), иностранные государства, международные объединения и организации (п. 38 ст.12 ЗК РК). Земельное законодательство провозгласил принцип равенства субъектов земельных правоотношений, включая и иностранных физических и юридических лиц. Вместе с тем, в соответствии с мировой практикой регулирования земельных отношений с участием иностранных субъектов, предусмотрены существенные различия между земельной правосубъектностью иностранных и национальных субъектов. Суть этих различий заключается в установлении ограничений в отношении земельных прав иностранцев, в ограниченности пределов реализации, сферы действия земельных прав иностранцев. Ограничения вводятся в частности, в целях защиты интересов отечественных сельскохозяйственных товаропроизводителей, исключения концентрации земель в руках иностранцев, предотвращения этнических, межгосударственных конфликтов и других возможных негативных последствий, связанные с посягательством на экономическую безопасность и государственный суверенитет. Так, непродуманное, неограниченное предоставление в частную собственность земель сельскохозяйственного назначения, составляющих значительную часть территории нашей страны способно подорвать экономические основы государственной безопасности, привести в конечном итоге к

угрозе государственному суверенитету. Уже с этих позиций казахстанское земельное законодательство нуждается в дальнейшей концептуальной проработке и конкретизации с учетом мирового опыта и национальных особенностей. Геополитические факторы, демографические особенности, социальная ситуация аграрном секторе нашей страны требуют крайне осторожного и взвешенного правового подхода к вопросам предоставления земель иностранцам. Ведь общеизвестно, что земля не обычный объект. Обладает исключительным государствообразующим качеством, составляет территориальную, материальную основу государственного суверенитета. Поэтому право иностранного землепользования, в частности право землепользования в сфере горных отношений, определение условий института аренды сельскохозяйственных земель требуют внимательного изучения мирового опыта. Выявление и оценка положительных и негативных аспектов и последствий привлечения иностранцев в сферу земельных отношений необходимы для правильного формирования и эффективного действия права иностранного землепользования с учетом зарубежной практики. В законодательстве еще недостаточно четко проведена градация между понятиями субъект земельных правоотношений, субъект права частной собственности, субъект права землепользования, иностранные землепользователи, иностранные субъекты земельных правоотношений и т.д. Субъектами земельных правоотношений, как правило, определяются носители прав и обязанностей в этих отношениях, согласно действующему законодательству. В некоторых случаях данное понятие подвергается более широкой трактовке. Все изложенное свидетельствует об актуальности и необходимости тщательного и всестороннего исследования института права иностранного землепользования. Ввиду новизны данного института, появившегося только в период независимости Казахстана и в условиях вхождения в сферу рыночных отношений, до сих пор нет специальных работ по данной проблематике. Не только монографий, но даже статей, специально посвященных земельно-правовому статусу иностранных субъектов. Здесь исходным является определение общего понятия права землепользования. Одним из ключевых понятий в теории земельного права выступает категория права землепользования. Одновременно право землепользования закреплено в законодательстве и рассматривается одним из основных институтов земельного права советского и рыночного периодов. Право землепользования является одним из основных видов вещных прав на землю и своими корнями уходит в глубь истории имущественных и земельных отношений. В Римской империи существовал обычай отдавать принадлежащие государству земли, которые не могли обрабатываться самим государством и которые при этом были неотчуждаемы, в аренду для обработки земли частным лицам за особую плату. (1, с. 79-80). В древнем Египте, Карфагене, позднее в Риме получил развитие институт эмфитевзиса (слово *emphyteusis* - греческого происхождения, означает насаждать, обрабатывать), означавший наследственную земельную аренду. Отношения эмфитевтической наследственной аренды стали применяться в самом Риме преимущественно к императорским землям, находившимся вследствие набегов германских племен в опустошенном состоянии. Причем главной целью сдачи в аренду пустопорожних земель римским гражданам для обработки было не столько получение доходов сколько заселение приграничных территорий и включение некультивированных земель в сельскохозяйственный оборот. (1, с. 82-83). В России эмфитевзис получил развитие в виде чиншевого права- права владения землями с выплатой собственнику фиксированной арендной платы. Обладатель чиншевого права выплачивая собственнику чинш (арендную плату), обладал правом владения и распоряжения и не был ограничен в сделках с землей и в целевом ее использовании. Он имел право выкупить земельный участок в собственность. (2, с.176-177).

Данное научное понятие и правовой институт исследовались во многих работах по теории земельного права. В социалистической доктрине земельного права право землепользования рассматривалось юридическим способом реализации общественных форм землепользования, альтернативой частной собственности на землю. Исключительность прав государства на землю означала принадлежность земли только государству. Одновременно она означала исключение земли из гражданского оборота, недопустимость совершения каких-либо видов сделок в отношении земли либо в отношении земельных прав. Законодательство того времени содержало прямой запрет на совершение действий, в прямой и скрытой форме нарушающих право государственной собственности на землю. Уголовное и административное законодательство предусматривали ответственность и санкции за нарушение данного запрета.

Советское государство одновременно рассматривалось и собственником природных богатств, и хозяйствующим субъектом. Государство выступало единым и единственным собственником земли, владело, пользовалось, распоряжалось и осуществляло управление земельным фондом. При этом в теории право исключительной государственной собственности на землю и другие природные объекты трактовалось как основа, необходимое условие рационального природопользования. Преимущество Советского государства как субъекта права государственной собственности усматривалось в том, что оно соединяло в своем лице и правомочия политического суверена, и правомочия собственника (3, с. 192). Считалось, что право государственной социалистической собственности никаким законом не ограничено, поскольку от самой Советской власти зависит возможность установления либо отмены ограничений (4, с. 118-120). Такие теоретические подходы к трактовке содержания и пределов действия права государственной собственности подверглись справедливому научному оспариванию еще в советский период. Так, Мухитдинов Н.Б. отмечал, что «не следует делать вывод, что право государственной собственности ни отчего не зависит, и что государство управомочено совершать любые возможные акты владения, пользования и распоряжения природными богатствами. Нормы о праве собственности только тогда могут направлять деятельность министерств и ведомств и пользователей объектов природы в желательном для общества направлении, когда осуществление их реально обеспечивается экономическими условиями. Не вполне точными являются и суждения и о том, что право собственности ограничено рамками законодательства, а сама законодательная власть носит неограниченный характер. Объективная обусловленность права собственности экономическим базисом определяет и предел действия государственной власти» (5, с. 51). Предоставление земли в пользование рассматривается актом распоряжения государством своим правом собственности. Монопольное право государства на землю реализовывалось только в форме права землепользования. Право землепользования «в советский период период являлось публично-правовым, а не вещно-правовым институтом» (2, с. 169).

Вместе с тем, как полагал проф. Мухитдинов Н.Б., «поскольку государство само лишено возможности непосредственно обрабатывать землю», ее предоставление предприятиям, организациям и учреждениям является и способом использования государством-собственником предоставляемых объектов, иначе говоря, «осуществлением правомочия пользования». То есть, пользование трактуется как одно из правомочий собственника, один из элементов триады, составляющих содержание права собственности (5, с. 36-40; с. 49-63). Исследуя соотношение право государственной собственности на землю и права землепользования Л.И. Дембо также исходил из того, что право землепользования является правомочием, производным от права государственной собственности на землю (6, с. 29). Такая трактовка, безусловно, верна. Однако, следует учесть, что в условиях исключительной государственной собственности на природные ресурсы, право землепользования было единственной юридической формой наделения юридических лиц и граждан правом владения и пользования землей. Поэтому его следует подвергать и более широкой правовой и социальной трактовке как особый способ реализации земельных прав юридических лиц и граждан. В этой связи уместно привести следующее замечание: «понятие пользование в гражданском и земельном праве цивилизованных стран всегда воспринималось как одно из правомочий собственника, а не как самостоятельный правовой титул. Однако в силу традиций, влияния экономических факторов, наличия громадных неосвоенных территорий..., по видимому, надолго останется существовать огромное количество земель, правовой статус которых будет носить публично-правовой характер» (2, с. 169). Сложность конструкции и сущности прав землепользования отмечал еще Л.И. Дембо, рассматривая его как производное правомочие, одновременно в нем усматривал признаки самостоятельного правового института. Производность права землепользования заключается в том, что источником предоставления этого права является только государство, которое осуществляет отвод земель всем категориям землепользователей. Характер самостоятельного правового института право землепользование приобретает в том смысле, что землепользователь как субъект права землепользования является носителем определенных прав и обязанностей (6, с. 29).

Правовое регулирование земельных отношений за рубежом, в основном, предусматривает всего две формы землевладения: частную собственность на землю и аренду. Но эти виды прав чрезвычайно развиты, в максимальной мере приспособлены интересам субъектов и условиям хозяйственной деятельности. Предусмотрено несколько десятков форм и разновидностей земельной аренды,

предусматривающие дифференцированную систему прав и целевого назначения земельного участка, условий его использования и распоряжения правами на земельный участок.

Анализ теоретических положений о праве землепользования, истории его возникновения и развития, особенностей его функционирования в условиях социалистических земельных отношений, а также зарубежный опыт действия рассматриваемого права позволяют обозначить несколько значений понятия «право землепользования»: вещное право на землю в римском частном праве; одно из правомочий собственника, один из основных элементов, составляющих содержание права собственности на землю; правовой институт отрасли земельного права; правоотношение в процессе которого реализуются права и обязанности землепользователя; Юридическая форма, способ реализации государственной собственности на землю. В условиях социалистических земельных отношений право землепользования выступало единственной формой реализации земельных прав. Право землепользования определяется также в субъективном и объективном смыслах. В субъективном смысле право землепользования - предоставленное государством субъекту право владения, пользования земельным участком, составляющим объект государственной собственности, в объективном - одна из правовых форм реализации государством как собственником своего правомочия распоряжаться землей. Право землепользования в литературе рассматривается и как «обязательный составной элемент права недропользования» (7, с.136). Если применить последний подход, то можно говорить также о праве землепользования как элементе права лесопользования, водопользования и т.д. То есть, если исходить из функциональной связи и взаимообусловленности пользования различными объектами природных ресурсов, право землепользования выступает необходимой предпосылкой возникновения и реализации соответствующих правоотношений природопользования. Так, права на недра не могут быть реализованы без приобретения прав на соответствующие земельные участки. Поэтому здесь возникают проблемы конкуренции, согласования и соответствия этих прав. Таким образом, понятие «право землепользования» достаточно емкое, многоаспектное. Имеет непосредственную связь с государственной собственностью на землю. Выступает основой и предпосылкой возникновения соответствующих видов правоотношений природопользования. При этом, само право землепользования выступает самостоятельной разновидностью природопользования. Является правовой формой реализации права государственной собственности на землю.

Анализ земельного законодательства стран с рыночной экономикой, в частности, законодательства Казахстана позволяет сделать также вывод о том, что право землепользования в условиях оборота земель является важнейшим вещно-правовым институтом, включающим несколько разновидностей вещных прав на землю.

Кроме того, законодательство позволяет характеризовать право землепользования в качестве юридического инструмента привлечения иностранных инвестиций в национальную экономику, способа реализации прав и интересов иностранцев в сфере земельных отношений. Все эти качества и характеристики права землепользования имеют значение при определении содержания, пределов действия и назначения иностранного землепользования, земельно-правового статуса иностранных физических и юридических лиц. В конечном итоге их последовательный учет в теории земельных правоотношений, законотворческой и правоприменительной практике необходим для соответствующего нормативного обеспечения одного из серьезных направлений земельно-правового регулирования.

1. Копылов А.В. *Вещные права на землю.* - М.: Статут, 2000.
2. *Земельное право России. Под ред Г.Е. Быстрова, Р.К. Гусева.* - М.: «Изд-во Проспект». - 2006.
3. Стучка П. И. *Курс советского гражданского права .М.Л., 1931, Т.*
4. *Общая теория советского земельного права . - М., 1983.*
5. Еренов А.Е., Мухитдинов Н. Б., Ильященко Л.В. *Правовое обеспечение рационального природопользования.* - Алма-Ата.- «Наука.-1985.
6. Дембо Л.И. *Право землепользования в СССР и его виды// Вестник ЛГУ. - 1950.- № 7.*
7. Хаджиев А.Х. *Земельное право Республики Казахстан. - Алматы.-«Юрист». 2001.*

Түйін.

Мақалада жерді пайдалану құқығы түсінігінің нормативтік негіздері және маңызы талқыланған. Жерді пайдалану құқығын жан жақты саралау негізінде автор оның жер қатынастарын реттеудегі орнын,

мақсат маңызын ашып көрсеткен.

#### Summary

In article some questions on explanation of essence and the maintenance of concept of the right of land tenure are investigated. From theoretical positions the basic characteristics of the right of land tenure are opened, its place and a role in system of the rights to the earth is shown.

#### МҰРАГЕРЛІК ҚҰҚЫҚ: ДАМУЫ, ТАРИХЫ

**К. Касиенова -**

*Алматы энергетика және байланыс университеті  
Әлеуметтік пәндер кафедрасының оқытушысы*

Қазақстан қазіргі өзінің экономикалық, рухани, құқықтық жағынан қайта құруларды басынан өткізіп отырған кезеңде ізденуші қауым қазақ халқының құқық жүйесінің қайнар көзі болған әдет-ғұрып заңдардың қамтыған салаларын жан-жақты зерттеуде. Соның ішінде кезек күттірмейтін институттың бірі – мұрагерлік құқық мәселесі болып отыр.

Мұрагерлік құқығына деген бастамалар осыдан екі жарым мың жыл бұрын қалыптасып қазіргі кезге дейін өзінің мәнін жойған жоқ.

Алғашқы қауымдық және рулық дәуірде мұрагерлік деген түсінік қалыптаспаған еді. Өйткені, рулық қауым тұсында еңбек құралдары, аң терілері, үй ішінде қажетті жабдықтар түгелдей ру мүшелеріне тиесілі болып, рудан руға өтті. Бірақ кейін жеке меншіктің пайда болуына байланысты тіршілікке қажетті еңбек құралдарымен құралған байлық әкеден балаға өтіп отырды. Осылайша әкеден балаға қалдыру – мирас түсінігі пайда болып, ол ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлермен реттеліп отырды. Бұл қатынастарды орындау қазіргідей мемлекеттік мәжбірлеу шарасымен емес, қоғамдық пікір, ру, тайпа беделі сияқты шаралармен жүзеге асырылды.

Бертін келе шаруашылық салалары жіктеліп, қоғам әлеуметтік топтарға бөлініп, жеке меншік қалыптасты да олармен бірге мұрагерлік те пайда болды. Таптық қоғамда әдет-ғұрып алғашқы формасын сақтағанмен, оның мазмұны, мағынасы өзгерді. Енді әдет мемлекеттік биліктен қолдану тауып, заңды норма есебінде оның орындалуын күш қолдау арқылы жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Міне, осындай ежелгі заңдар Үнді мемлекетінде “Ману заңы”, Римде “XII Кесте заңы”, “Франк мемлекетінде” “Салическая правда”, Ресейде “Русская правда”, Қазақстанда “Жеті қарғы” деген атпен біздің дәуірімізге жетті.

Мұрагерлік құқығы өз кезегінде феодалдық және буржуазиялық құқық жүйесінің дамып қалыптасуына ғана әсер еткен жоқ, сонымен бірге қазіргі құқық жүйесінің дамуына үлкен әсерін тигізіп отыр.

Сонау Рим құқығының өзінде мұрагерліктің түсінігі қалыптасып, өзінің даму сатыларынан өтіп отырды.

Негізі, мұрагерлік деп қайтыс болған жеке тұлғаның құқықтары мен міндеттерінің басқа тұлғаларға өтуін айтады. Мұрагерлік әмбебап тәртібінде құқықтың ауысуымен өтетін, яғни мұрагер мұраны қабылдай отырып, мұраға қатысты барлық құқықтар мен міндеттерге ие болып отырған. Әмбебап құқықтың ауысуы ерекшелігіне қарай сингулярлық құқық ауысуымен ажыратылған. Алдыңғысы бойынша құқықтар мен міндеттерге бөлінсе, екіншісінде арнайы құқықпен ғана шектелген.

Мұрагерлік процесінден 2 кезеңді байқауға болады: мұраның ашылуы (мұра қалдырушының қайтыс болуы) және мұраны қабылдау. Мұрагердің мүлікке деген меншік құқығы мұраны қабылдаған соң жүзеге асқан.

Ежелгі Римнің өзінде-ақ, мұра екі жолмен жүзеге асқан: өсиет бойынша немесе заң бойынша (егер өсиет қалдырылмаса немесе өсиет бойынша мұрагер мұраны қабылдамаса).

Заң бойынша мұрагерлік көне рим жүйесіндегі XII кесте заңына апарарды. Заңда мұрагерліктің 3 кезегі реттелінген. XII кесте заңында 1-ші кезектілерге мұра қалдырушының қоластында саналатын балалары, алдында қайтыс болған балаларының балалары, яғни немерелері кірген. Бұлар «қажетті мұрагерлер» деп есептелетін. Егер «қажетті мұрагерлер» болмаған жағдайда мұраға өлген адамның агнаттық туысы шақырылған.

Ол мұраны қабылдамауға құқығы болған, мұндай жағдайда мұра иесіз қалған мұра деп саналған, мұндай сәтте құқық ауыстырылу жүргізілмеген. Егер мұра қалдырушының еш жақыны болмаса мұра II-ші кезектегі болып саналатын когнаттық туыстарын өткен. Тек кезек ретінде ғана мұра қалдырушының жұбайына өткен. Бірақта бұның өзінде жесір әйеліне тиген.

Рим құқығында өсиет деп жеке тұлғаның тірісінде дүние-мүлкін мұра ретінде жазып кетуін айтқан. Егер өсиетте мұрагер көрсетілмесе, мұндай құжатқа ешқандай құқықтық нәтиже бермеген. Өсиетте мұрагермен қоса легатты, яғни жасөспірімге тағайындалған қорғаншыны келтіруге де болатын.

Өсиет-бір жақты мәміле саналған. Өсиет пен мұраны қабылдау үшін бөлек құқықтық акт жасалатын. Өсиет қалдыру үшін-жеке тұлғаның бедел өсиеттік қабілеттілігі талап етілетін (бұған әрекет қабілеттілігі жоқ, қылмыс үшін сотталған, жеке тұлғалардың кейбір топтары кірмеген).

Өсиет нысаны әр кезеңде әр түрлі болған, мәселен өсиет 7 куәнің қатысуымен жасалатын, жазбаша нысанды сақтау міндет болып табылмаған.

Ал, Қазақ әдет-ғұрып жүйесі бойынша әке мұрасы мен мұрагерлік жайлы Қасым ханның қасқа жолынан, Есімханның ескі жолынан, одан кейінгі Тәуке ханның «Жеті жарғысынан» көруге болады. Негізі қазақ мұрагерлік құқығында да өсиетті жазба түрінде де қалдыру дәстүрі болған, дегенмен ол жазбалар біздің заманымызға дейін жетпегендіктен, біз көбіне ауызша өсиет қалдыру мұрагерлігі жайлы деректерден көп білеміз. Қазақтың әдет-ғұрып заңдары бойынша әке мұрасына иелік ететіндер марқұмның балалары, әйелдері, аға-інілері, жақын туыстары, қала берді аталас ағайындары болатын. Өйткені мұра қалдырушының өзінен туған балалары, бірге туған іні-ағалары болмаса онда ол аталас немере ағайындарына көшіп отырған. Ал егерде өзінен кейін бірге туған ағайындары бола тұрып, қайтыс болатын адам өзінің мұрасын басқа атаның балаларына не достарына қалдырып кете алмаған. Оған туыстары қарсы болғандықтан, қалған мұрадан әрқайсысы өз үлестерін алып болғаннан кейін ғана рұқсатпен мұрагердің достарына не басқа ағайындарына берілетін.

Қазақ әдет салт дәстүрі бойынша өлген адамның артында мұра есебінде мал, жер-су, (қыстау), үй-жай, мүлік, ақша және жесір қалатын болған. Тіпті ерте заманда әке мұрасының құрамына құл мен күн де енген.

Қазақ әдет-ғұрып құқығы бойынша мұрагерлік құқығының бір ерекшелігі мұраның өтуі қайтыс болған адамның жасына байланысты болған. Өйткені, орта жастан асып, қартайып қайтыс болған адамның үлкен енші алған ұлдары мұраға үлесі болмаған. Олар өздеріне тиесілі бөлініп берілген еншісіне ғана билік еткен. Ал үй-жай, мал-мүлік сол қара шаңырақта қалатын кенже баланың еншісі болып саналатын. Ал артында қалған мұра қалдырушының әйелі сол кіші баланың қолында қалатын болған.

